



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ  
2024 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ  
**ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП**



БИЗНЕСТІҢ  
ДАМУЫНА ЫҚПАЛ  
ЕТЕТІН ЭКОЖҮЙЕ

"Астана" халықаралық қаржы орталығы

## МАЗМҰНЫ

### 6 АЛҒЫСӨЗ

### 8 АХҚО ТУРАЛЫ

- 10 Пайым, Миссия және Құндылықтар
- 12 Басқару. Ұйымдық құрылым
- 18 Біздің стратегиямыз
- 20 Әлемдік деңгейдегі артықшылықтар

### 24 2024 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

- 25 АХҚО жөніндегі 2024 жылғы цифрлық деректер
- 26 АХҚО-ның 2024 жылғы жаңа өнімдері

### 28 ӨСІМ КАТАЛИЗАТОРЛАРЫ

- 30 Сенімді юрисдикция
- 34 Дауларды шешудің әлемдік деңгейдегі жүйесі
- 42 Болашаққа бағдарланған реттеу
- 54 Капиталдың ұтқырлығын арттыру
- 66 Әлемді жақсы жаққа өзгертетін қаржы: жауапты өсімге бейілділік
- 78 Инновациялар мен финтех: мүмкіндік көкжиектері

### 84 ҚОСЫМШАЛАР

- 86 1-қосымша: Жарияланымдар
- 88 2-қосымша: Жаңартылған реттеуші-құқықтық база
- 94 3-қосымша: АХҚО кешені
- 96 Глоссарий

## АЛҒЫСӨЗ

Жаһанды белгісіздік жайлаған бұлыңғыр заманда «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО, Орталық) тұрақтылық және сенім қағидаттарын ұстануын жалғастыруда. Дәл осы іргелі қағидаттар АХҚО-ның Еуразияда және одан тыс жерлерде бизнес үшін сенімді жол іздейтін инвесторлар, институттар мен үкіметтер үшін стратегиялық әріптеске айналуына мүмкіндік берді.

2024 жыл АХҚО үшін айшықты жыл болды. АХҚО құрылған сәттен бастап 84 елден 3500-ден астам қатысушыны тартып, тіркеді (2024 жылы 1100-ден астам компания тіркелді), ал Қазақстан экономикасына инвестициялар 14 млрд. АҚШ долл. (2024 жылы 3,1 млрд. АҚШ долл.) құрады. АХҚО өзін трансшекаралық капитал мен инновацияларды тартудың сенімді арнасы ретінде мықтап танытты. Астана Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның қаржы орталықтары арасында бірінші орында және жаһандық қаржы орталықтарының индексі бойынша әлемде 64-ші орында тұр, бұл біздің өсіп келе жатқан халықаралық беделіміздің көрінісі.

АХҚО-ның ел экономикасына қосқан үлесі өсуде. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Орталық қатысушылары 148 млрд теңгеден астам салық төлеп, мыңдаған жоғары білікті жұмыс орындарын құрып, орнықты экономикалық дамудың және Қазақстанды әртарапандырудың қозғаушы күші ретіндегі АХҚО-ның рөлін нығайтты.

Сонымен бірге АХҚО өзінің институционалдық негіздерін күшейтті. Біздің негізгі органдарымыз бен ұйымдарымыз – АХҚО соты, Халықаралық төрелік орталығы, АХҚО Қаржылық қызметтерді реттеу комитеті (AFSA) және «Астана» халықаралық қаржы



орталығының биржасы (AIX) — инвесторлардың сенімін нығайтып, құқықтың үстемдігін қамтамасыз етіп және аймақтағы капитал нарығы инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдесе отырып, тамаша нәтижелер көрсетті.

2024 жылы АХҚО «Белдеу және жол» бастамасы шеңберінде Орта дәліздің маңызды институционалдық элементіне айналып, экономикалық дипломатия мен аймақтық интеграцияға арнаған платформа ретіндегі өз рөлін едәуір кеңейтті. Құқықтық айқындылықты қамтамасыз етіп, қаржылық инновацияларды ынталандыра және көпжақты байланыстарды нығайта отырып, АХҚО KPMG мен Caspian Integrated Maritime Solutions-ті қоса алғанда, маңызды инфрақұрылымдық жобалар мен трансшекаралық бастамаларды іске асыруға ықпал етті.

Басқа негізгі оқиғалар ретінде Қазақстан, Әзірбайжан және Грузия (Түркия мен Қытай тарапынан қызығушылық артып келеді) арасындағы «Middle Corridor Multimodal» бірлескен кәсіпорнының іске қосылуын, сондай-ақ Самұрық-Қазына мен Орта дәліз бойындағы жобаларды қаржыландыру үшін Әзірбайжан активтерін ұстаушы арасындағы стратегиялық серіктестік –

«SK-AIH Investment Fund Ltd.» инвестициялық қорының құрылуын атауға болды.

Бұдан басқа, көлік және логистикалық компаниялардың көбісі АХҚО-ны бизнес жүргізуге арналған платформа ретінде таңдауда, бұл Еуразияның қақ ортасында Шығыс пен Батыс арасындағы сауданың одан әрі дамуына ықпал етеді.

Біздің Орталығымыздың айрықша ерекшелігі – АХҚО соты және Халықаралық төрелік орталығы. Тек 2024 жылы 32 елдің тараптарының қатысуымен 1000-нан астам іс қаралды, олардың әрқайсысы тиімділік, адалдық қағидаттарының және халықаралық стандарттардың сақталуымен қаралды, бұлар қазір біздің дауларды шешу экожүйеміздің айрықша белгілеріне айналды. Бүкіл әлем бойынша 11 000-нан астам келісімшартта АХҚО-ның төрелік ескертпелері енгізілген, ал Сот шешімдері Қазақстанның бүкіл аумағында 100% тиімділікпен орындалады. Бұдан бөлек, Сот шешімдері БАӘ, Түркия және Корея Республикасында танылды және орындалды. Біз аймақта бірегей және жаһандық инвесторлардың сенімі үшін аса маңызды ағылшын жалпы құқыққа негізделген құқықтық базаны ұсынатындығымызды мақтан тұтамыз.

Бұнымен қатар АХҚО Қаржылық қызметтерді реттеу комитеті токенизацияланған бағалы қағаздар, ESG-мен байланысты құралдар, венчурлық студиялар мен корпоративтік қазынашылық орталықтар үшін кешенді платформаны іске қосуды қоса алғанда, цифрлық активтерді реттеу саласындағы жаңартудың арқасында біздің бәсекеге қабілеттілігімізді арттырды.

Бұдан бөлек, Binance пен Bybit сияқты ірі компаниялар «құм жәшігі» режимінен реттеушінің толыққанды лицензиясына көшті, бұл АХҚО Fintech Lab-тың финтех-инновацияларды дамытудағы тиімділігін көрсетеді. Бұл қадамдар – қатаң қадағалау режимімен бірге IOSCO, FATF және IAIS сияқты әлемдік стандарттарға қатаң сәйкестікті қамтамасыз ете отырып, АХҚО-ны инновациялық қаржыландыру үшін қолайлы юрисдикция ретінде танытады.

Біздің стратегиямыздың негізгі элементі – капитал нарығын дамыту – 2024 жылы жаңа биіктерге жетті. AIX рекордтық 140 жаңа листингті тіркеді және 2,4 млрд АҚШ долл. сомасындағы капиталдың тартылуын қамтамасыз етті. Сауда-саттық көлемі екі еседен астам өсіп, 1,3 млрд АҚШ долл. құрады, бұл инвесторлардың жоғары қызығушылығын көрсетеді.

AIX Қазақстанның жекешелендіру бағдарламасын іске асыруда маңызды рөл атқарып келеді, алдымен Қазатомөнеркәсіптің, содан кейін 2022 жылы ҚазМұнайГаз-дың, 2023 жылы KEGOC-тың және 2024 жылы Air Astana-ның тарихи IPO-сын өткізуге атсалысты. Air Astana IPO-сы аясында Қазақстанда алғаш рет шартты сауда жүйесі енгізілді, бұл қазақстандық инвесторларға халықаралық қатысушылармен бірге Лондон қор биржасында нақты уақыт режимінде сауда жасауға мүмкіндік берді. Бұл флагмандық орналастырулар және эмитенттер санының өсуі АХҚО-ның нарықтық инфрақұрылымына деген сенімнің артып келе жатқанын растайды.

Бұдан басқа, біздің финтех және жасыл қаржыландыру саласындағы экожүйелеріміз табысты дамуды жалғастырды: нарыққа негізгі салалық компаниялар шықты, орнықты даму көрсеткіштеріне байланыстырылған облигациялар орналастырылды, сондай-ақ исламдық қаржы құралдары листингтен өтті, бұл нарықты әртарапандыруды айтарлықтай күшейтті.

2024 жылдың соңына қарай АХҚО компаниялар редомициляциясының 9 кейсін сәтті аяқтады, бұл оның нормативтік айқындылық пен жаһандық байланыстарға ұмтылатын халықаралық компаниялар таңдайтын юрисдикция ретінде тартымдылығын көрсетеді. Бір жыл ішінде танымал компаниялар қатарында Fix Price Group PLC, Specta Group Ltd. және басқалар болды.

Осы кūrделі, жетілген корпоративтік құрылымдардың сәтті көшуі АХҚО-ның әртүрлі секторлардан және өсудің әртүрлі кезеңдеріндегі – өнеркәсіптік алыптардан ритейл-брендтерге дейінгі компанияларды қабылдай алу қабілетін көрсетеді. Бұл сондай-ақ ол өз дамуының келесі кезеңі үшін тұрақты әрі прогрессивті юрисдикцияны іздейтін компаниялар мен инвесторлар үшін сенімді, тиімді және қолайлы нормативтік-құқықтық ортаны ұсынатын АХҚО-ның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

2025 жылы АХҚО жетекші қаржы орталығы ретіндегі өз рөлін нығайтуға және кеңейтуге бағытталған 2027 жылға дейінгі жаңа стратегиялық жоспарды іске асыруға кіріседі. Бұл стратегия жаһандық макроэкономикалық өзгерістерді – борыштық жүктемелің өсімін, инфляциялық қысымды, жедел технологиялық трансформацияны және дамып келе жатқан жаһандық сауда мен капитал ағындарын ескереді және АХҚО-ның бірегей құқықтық және реттеуші базасына сүйенеді.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында жазылған бес мақсат: қолайлы инвестициялық климатты қалыптастыру, бағалы қағаздар нарығын дамыту, қаржы қызметтерінің (банктік, сақтандыру және финтех-қызметтерді қоса алғанда) спектрін кеңейту, кәсіби қызметтерді дамыту және қаржы орталығы ретінде халықаралық танылуға қол жеткізу – басты назарымызда болады.

2027 жылға дейінгі жаңа бастамалар географиялық қамту мен салалық фокусты кеңейтуге, стратегиялық секторларға инвестициялар тартуға және коммерцияландыруды күшейтуге бағытталатын болады. Біз қаржы өнімдерін әртарапандыруды, жаңа бизнес-модельдерді дамытуды және жеке сектормен серіктестікті нығайтуды жалғастырамыз. Флагмандық іс-шаралар мен танымалдылықты арттыру бастамалары арқылы қоғамдастық құруға ерекше назар аударылады.

Біздің мақсатымыз өзгеріссіз қалады: Қазақстанның қаржылық болашағының институционалдық тірегі және орнықты дамудың өңірлік қозғалтқышы болу. АХҚО одан әрі де жасыл қаржыландыруды, инновацияларды жауапты енгізуді және ашықтық, сенім мен халықаралық стандарттар қағидаттарына негізделген экономикалық тұрақтылықты ілгерілететін болады.

Біз бәріміз бірлесіп тек қаржы орталығын ғана емес, сонымен бірге өз заманымыздағы өркендеу, серіктестік және прогресс үшін берік платформа құрудамыз.

**Ренат Бектұров**  
**«Астана» халықаралық қаржы орталығының**  
**Басқарушысы**

# АХҚО ТУРАЛЫ

«Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО, Орталық) – әлемдік капиталды дамушы нарықтардың зор мүмкіндіктерімен ұштастыруға арналған Орталық Азиядағы инновациялық қаржы орталығы. Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде орналасқан АХҚО осы серпінді әрі тез дамып келе жатқан аймақты өз қатысымын кеңейтуге ұмтылатын инвесторлар мен кәсіпорындар үшін байланыстырушы бөлшек ретінде қызмет етеді. Нью-Йорк, Лондон, Дубай, Гонконг және Сингапур сияқты жетекші қаржы орталықтарының жетістіктерінен шабыттанған АХҚО инвестициялар, бизнес және қаржылық қызметтерге арналған әлемдік деңгейдегі платформаны құру үшін үздік халықаралық практикаларды инновациялық тәсілдермен үйлестіреді.

Жаһандық қаржы ресурстарының көптігі дәуірінде перспективалы инвестициялық мүмкіндіктерді анықтау және әртүрлі нормативтік жүйелерде бағыт-бағдар табу мүмкіндігі тұрақты өсу үшін маңызды мәнге ие. АХҚО инвесторлар үшін жетекші қаржы орталықтарының үздік практикаларын біріктіретін және әлемнің ең перспективалы экономикалық дәліздерінің біріне кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ететін тиімді, ашық әрі ыңғайлы платформаны ұсынады.

АХҚО инвесторлары үшін портфельді әртарапандырудың және экономикалық есуді ынталандыратын нарықтарға қол жеткізудің бірегей мүмкіндігін білдіреді. Орталық мемлекеттік және жеке кәсіпорындар шығарған бағалы қағаздардан бастап, «Бір белдеу, бір жол» бастамасы сияқты ауқымды инфрақұрылымдық жобаларға, сондай-ақ инновациялық технологиялар мен финтех-стартаптарға қатысуға дейінгі мүмкіндіктердің кең спектрін ұсынады. АХҚО экожүйесі банк ісі, сақтандыру, капитал нарықтары, ислам қаржысы және цифрлық қаржылық шешімдерді қамтитын әртүрлі инвестициялық стратегияларды ескере отырып әзірленген және инвесторларға өз портфельдерін оңтайландыру үшін озық қаржы құралдарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

АХҚО бизнес үшін операцияларды кеңейту және әлемдік нарықтармен өзара іс-қимыл жасау үшін тұрақты, болжамды әрі халықаралық танылған платформаны ұсынады. Ағылшын жалпы құқығы қағидаттарына, ашық әрі прогрессивті нормативтік-құқықтық базаға және бәсекелі салық режиміне негізделген құқықтық жүйесінің арқасында АХҚО компаниялар инвестициялар тарта алатын және тиімді жұмыс істей алатын орта қалыптастыруда. Кәсіпорындар да АХҚО-ның ірі халықаралық қаржы институттарымен, активтерді басқарушылармен және қаржы қызметтерін көрсетушілермен байланысынан пайда көреді, капитал тарту және стратегиялық әріптестік үшін мүмкіндіктер ашады.

Инновациялар АХҚО-ның, әсіресе қаржы технологиялары саласындағы пайымының негізін қалайды, осы орайда Орталық финтех-стартаптар, цифрлық активтер және өтімділігі жоғары қаржы құралдары үшін серпінді экожүйе құруда. Заманауи инфрақұрылым мен нақты нормативтік базаны ұсына отырып, АХҚО кәсіпорындар мен инвесторларға нарық үрдістерінен озып, ұзақ мерзімді табысқа жету үшін жаңа технологияларды пайдалануға мүмкіндік береді.

АХҚО инвесторлар өркендей алатын, бизнес кеңейіп, ал инновациялар гүлдене алатын ортаны құра отырып, тұрақты әрі инклюзивті экономикалық өсімді қамтамасыз етуге ұмтылады. Инвестициялар үшін жаңа мүмкіндіктер іздеп жүрсіз бе немесе бизнесті кеңейту үшін берік негіз жасаудасыз ба – бәрібір, АХҚО бизнестің әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беретін стратегиялық артықшылықтарды, ресурстар мен қосылу мүмкіндіктерін ұсынады.

Бұдан басқа, АХҚО құнды салалық зерттеулер, нарыққа талдау жүргізе отырып (2024 жылы шығарылған жарияланымдардың толық тізімі 1-қосымшада келтірілген), сондай-ақ Astana Finance Days және AIFC Connect сияқты жетекші кәсіби іс-шараларды өткізе отырып, өзін аймақтық білім орталығы ретінде көрсетеді. Бұл бастамалар мүдделі тараптарға сарапшылық талдауды ұсынады, стратегиялық диалогты жеңілдетеді және аймақ пен одан тыс жерлердегі жаңа қаржылық және инвестициялық үрдістерді тереңірек түсінуге ықпал етеді.

# ПАЙЫМ, МИССИЯ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

## Біздің пайым

Қазақстан экономикасының одан әрі өсуі, аймақтағы көшбасшылығын нығайту мақсатында инвестициялар мен қаржылық инновацияларға арналған драйвер және негізгі хаб болу.

## Біздің миссия

Инвестициялау және бизнес жүргізу үшін бірегей инфрақұрылымды, сенімді юрисдикцияны, тәуелсіз сот пен төрелік қызметтерін ұсыну, сондай-ақ қаржы өнімдері мен қызметтері саласындағы инновациялар мен әлеуетті дамытуды қолдау арқылы Қазақстанның орнықты экономикалық дамуына ықпал ету.

## Біздің құндылықтарымыз

**Ұмтылыс (Aspiration):** алысқа көз тігу және кемелдікке жетуге деген ұмтылысты көрсетеді.

**Тапқырлық (Ingenuity):** креативтілікті, қойылған міндеттерді шеше білуді және инновацияға деген ұмтылысты көрсетеді.

**Адалдық (Fairness):** айқындылықты, этикалық мінез-құлықты және ашықтықты көрсетеді.

**Бейілділік (Commitment):** нәтижеге деген ұмтылысты, есептілікті және өлшенетін нәтижелерге қол жеткізуді көрсетеді.

## БАСҚАРУ

# ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес – Қазақстан Республикасының Президенті басқаратын тұрақты әрекет ететін алқалы орган, АХҚО-ның ең жоғарғы басқару органы. Кеңес АХҚО-ны дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындайды және АХҚО-ның жетекші халықаралық қаржы орталығы ретінде қалыптасуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді. Кеңестің құзыретіне АХҚО актілерін қабылдау, Орталықтың даму стратегияларын, органдарының құрылымын айқындау, АХҚО-ның қызметі туралы жылдық есепті бекіту және т.б. кіреді. Кеңестің құрамы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітіледі және мемлекеттік қызметшілер мен халықаралық сарапшылардан тұрады.

### АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС



**ҚАСЫМ-ЖОМАРТ  
ТОҚАЕВ**

Төраға,  
Қазақстан  
Республикасының  
Президенті



**ОЛЖАС  
БЕКТЕНОВ**

Төрағаның орынбасары,  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

### АХҚО БАСҚАРУШЫСЫ

 Authority

 Court

 AFSA

 IAC

### АХҚО ҰЙЫМДАРЫ

 АИХ  
АСТАНА  
ИНТЕРНАЦИОНАЛ  
FINANCE

 Academy

 Tech

 GFC

## АХҚО ОРГАНДАРЫ

### Authority

#### АХҚО ӘКІМШІЛІГІ –

Орталықтың даму стратегиясын әзірлеуге және қаржылық қызметтерді реттеуге қатысы жоқ мәселелер бойынша АХҚО актілерін әзірлеуге жауапты орган. Орталықтың әлемдік нарықтармен интеграциясы аясында АХҚО әкімшілігі халықаралық қаржы орталықтарымен, институттармен және инвестициялық компаниялармен байланыс орнатады.

### AFSA

#### АХҚО ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІ РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ –

қаржылық және нарықтық қызметтің барлық түрлерінің, қосалқы қызметтердің интеграцияланған реттеушісі, сондай-ақ Орталықтың қатысушыларын тіркейді. Комитеттің миссиясы – АХҚО-дағы қаржы жүйесінің, капитал нарығының әділ және ашық жұмысын қамтамасыз етуде.

### Court

**АХҚО СОТЫ** – Орталықтағы коммерциялық дауларды шешу жөніндегі сот органы. Сот жалпы құқық саласындағы он бір жоғары білікті судьядан және Тіркеушіден тұрады, коммерциялық дауларды шешу кезінде айрықша юрисдикцияға ие (қылмыстық немесе әкімшілік даулар бойынша юрисдикциясы жоқ).

### IAC

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӨРЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ** АХҚО-да азаматтық және коммерциялық дауларды шешу үшін халықаралық жоғары стандарттар негізінде әрекет ете отырып, сот талқылауына тәуелсіз балама ұсынады. ХТО алқасына 41 беделді халықаралық төреші мен медиатор кіреді.

## АХҚО ҰЙЫМДАРЫ

### AIX

**АХҚО БИРЖАСЫ (ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE)** бизнес пен инвесторлар үшін инновациялық өнімдер мен қызметтерді ұсыну арқылы Орталық Азияда және одан тыс жерлерде сенімді және өтімді капитал нарығын дамыту үшін құрылған.

### GFC

#### ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ

жасыл және орнықты қаржыландыру құралдарын пайдалану, сондай-ақ мемлекеттік және жеке секторларға стратегиялық консультациялар беру арқылы Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия өңірі экономикасының орнықты даму жобаларына инвестициялар тарту мақсатында құрылған.

### Tech

**АХҚО ТЕХ ХАБЫ** АХҚО-ның негізгі бизнес-бағыттарында табысқа жетуін қамтамасыз ету үшін инновациялық технологияларды пайдалануды, сондай-ақ Қазақстанның инновациялық технологиялар саласында өңірлік көшбасшы болып қалыптасуына жәрдемдесу үшін қаржы институттарын, технологиялық серіктестерді, финтех-компанияларды және инвесторларды біріктіретін экожүйені дамыту мақсатын көздейді.

### Academy

**АХҚО АКАДЕМИЯСЫ** АХҚО экожүйесінде және одан тысқары жерлерде үзіліссіз даму, кәсіби қоғамдастықтарды қалыптастыру және қолдау, қолжетімді сараптама және нарық мамандарының ашық диалогы үшін цифрлық білім беру платформаларын құру арқылы адами капиталды дамытуға жәрдемдеседі.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқарудың тиісті практикасы кез келген халықаралық қаржы орталығының табысты жұмысының ажырамас бөлігі. АХҚО корпоративтік басқару жүйесін озық халықаралық практикаға сәйкес үздіксіз жетілдіруге ұмтылады.

### АХҚО КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

2020 жылы TheCityUK британдық институтымен әзірленген АХҚО Корпоративтік басқару қағидаттары бекітілді. «Қолдан және түсіндір» қағидалары бойынша әрекет ететін қағидаттар АХҚО-ның орнықты ұзақ мерзімді табысына ықпал ете отырып, директорлар кеңестері мен жекелеген директорлардың мүмкіндіктерін кеңейтуге және ой-өрісіне әсер етуге арналған.

АХҚО-ның корпоративтік басқаруға бейілділігі корпоративтік басқарудың сенімді жүйесінде, өзектілік пен тиімділікті қамтамасыз ету үшін оның жүйелі түрде талдануында, сондай-ақ тиісті әрі орынды басқаруды ілгерілету және бүкіл ел бойынша компанияларға, мекемелерге және жеке тұлғаларға білімді тарату бойынша тұрақты практикасынан көрінеді.

## АХҚО КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

### 01

Компанияларды тиімді директорлар кеңесі басқарады, оның негізгі мақсаты – компанияның ұзақ мерзімді өсуі мен табысына, кірістілікке қол жеткізуіне және оның акционерлері үшін компанияның құнының артуына, егер компания қызметін Қазақстанда жүзеге асыратын болса, оның бүкіл елдің орнықты экономикалық дамуына үлес қосуына жәрдемдесу.

### 02

Компанияларды компанияның тиімді және орынды басқарылуына жауапты директорлар кеңесі басқарады.

### 03

Директорлар кеңесі компанияның миссиясын, мақсатын, құндылықтары мен стратегиясын айқындайды және олардың компания мәдениетіне сәйкес келетінін растайды.

### 04

Директорлар кеңесі компанияда этикалық мінез-құлықтың жоғары стандарттарын белгілейді, ал оның мүшелері оларды қатаң сақтауы керек. Компания басшылығы осы стандарттарды компанияның ішінде жаппай сақталуына жауапты.

### 05

Директорлар кеңесі атқарушы емес директорлар мен атқарушы басшылық арасындағы міндеттерді нақты бөлуді қамтамасыз етеді,

ешбір тұлғаның дербес шешім қабылдауда шектеусіз өкілеттігі жоқ.

### 06

Директорлар кеңесінің құрамы оның мүшелерінің саны бойынша орынды, тиісті білімі мен құзыретке ие, бірақ сонымен бірге үйлесімділік, икемділік және қатысу өлшемшарттарына сәйкес келеді. Директорлар кеңесі мүшелерінің оңтайлы саны – 8-12 адам.

### 07

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде компания қызметі туралы дағдылардың, тәжірибенің, тәуелсіздік пен білімнің тиісті теңгерімі, сондай-ақ жеткілікті ресурстар, соның ішінде қажет болған жағдайда сараптамаға қолжетімділік және компания қызметіне қатысты уақтылы және жан-жақты ақпарат бар.

### 08

Директорлар кеңесі тиімді ішкі тәуекелді бақылауды және есептілікке қойылатын талаптарды қамтамасыз ете отырып, компанияның қаржылық және басқа есептері компанияның қаржылық жағдайы мен келешегі туралы нақты, теңдестірілген және қолжетімді бағалауы екенін кепілдендіреді.

### 09

Директорлар кеңесі өз стратегиялық мақсаттарына

жетуі үшін қабылдауға дайын болатын компанияның тәуекел-тәбетін анықтауға жауапты.

### 10

Директорлар кеңесі компанияда тәуекелдерді басқарудың, ішкі бақылаудың және комплаенстің тиімді, ұйымдасқан және дұрыс біріктірілген жүйесінің болуын қамтамасыз етеді.

### 11

Директорлар кеңесінің, оның комитеттері мен директорларының қызметін жыл сайынғы қатаң бағалаудың жүргізілуін Директорлар кеңесі қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің жыл сайынғы бағалауы оның құрамы мен тиімділігін бағалауын қамтуы керек. Директорларды жеке бағалау олардың кеңес пен оның комитеттерінің жұмысына қосқан үлесін анықтауы керек.

### 12

Директорлар кеңесінде директорлар мен басшыларға сыйақы төлеуге қатысты саясатты әзірлеудің ашық рәсімі бар. Ешбір директор өзінің сыйақысы туралы шешім қабылдауға қатыспауы керек.

### 13

Директорлар кеңесі сыйақы бойынша саясаттың стратегиялық мақсаттар шеңберінде компанияның дамуын қолдау үшін әзірленуін және компанияның ұзақ мерзімді мүдделеріне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

# БІЗДІҢ

# СТРАТЕГИЯМЫЗ

2025 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру шеңберінде АХҚО өзінің стратегиялық басымдықтарын – тікелей шетелдік инвестицияларды (мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке секторға) тарту арқылы, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында үлестік және борыштық құралдар формасында шетелдік және ішкі капитал ағынын ынталандыру арқылы Қазақстанның экономикалық өсуіне тікелей жәрдемдесуге шоғырландырды.

Біздің стратегиямыз келесідей:

## Стратегиялық міндеттер

### ИНВЕСТИЦИЯЛАУҒА АРНАЛҒАН ОРТА ҚҰРУ

# 01

Қаржылық қызметтер саласында инвестициялау үшін тартымды орта құру арқылы Қазақстан Республикасының экономикасына инвестицияларды тартуға жәрдемдесу

## Біздің табыс өлшемшарттарымыз

2025 жылға қарай GFCI-дің іскерлік орта көрсеткіші бойынша үздік-50-ге кіру

2025 жылға қарай \$10 млрд инвестиция тартуға жәрдемдесу

## 2024 жылы қандай жетістіктерге жеттік

Астана қаласы/ АХҚО GFCI'37 рейтингінде (2025 ж. наурыз) іскерлік орта көрсеткіші бойынша 57-орынға ие болды

АХҚО алаңы арқылы инвестициялар көлемі 14 млрд АҚШ долл. құрады

# 02

Қаржы орталығы ретінде халықаралық тану

2030 жылға қарай GFCI рейтингінің үздік-40 позициясына қол жеткізу және оны сақтау

2050 жылға қарай GFCI рейтингінде үздік-30-ға кіру

Астана қаласы/ АХҚО GFCI'37 деректері бойынша жаһандық рейтингте 121-дің ішінде 64-ші орынды және «Шығыс Еуропа мен Орталық Азия» өңірінің рейтингінде 16-ның ішінен 1-ші орынды иеленді (2025 жылғы наурыз)

### КАПИТАЛ НАРЫҚТАРЫН ДАМУ

# 03

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын дамыту, оның халықаралық капитал нарықтарымен интеграциясын қамтамасыз ету

MSCI-дің «шекаралық нарықтар» индексіндегі Қазақстанның салмағын 2025 жылға қарай 5%-ға дейін арттыру

2030 жылға қарай MSCI индексінде «дамушы нарық» мәртебесін алу

2024 жылдың соңына қарай Қазақстан MSCI-дің «шекаралық нарықтар» индексінде 7,27% салмаққа жетті

Қазақстанның 2030 жылға қарай MSCI және FTSE индекстеріндегі «дамушы нарықтар» мәртебесіне өтуі бойынша жұмыс ҚНРДА төрағалығымен арнайы Басқарушы комитет пен Жұмыс тобы аясында жүргізілуде

### ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ СПЕКТРІН КЕҢЕЙТУ

# 04

Қазақстан Республикасында сақтандыру, банктік қызметтер, исламдық қаржыландыру, қаржылық технологиялар, электрондық коммерция және инновациялық жобалар нарықтарын дамыту

2025 жылға қарай АХҚО-да 2000 компанияны тіркеу

АХҚО-да қатысушы ретінде 3 500-ден астам компания тіркелді (2024 жылы +1 174 компания)

# 05

Үздік халықаралық тәжірибе негізінде қаржылық және кәсіби қызметтерді дамыту

2025 жылға қарай АХҚО-да қаржылық және кәсіби қызмет көрсететін лицензиясы бар 600 компанияны тіркеу

1162 қаржылық компания\*, 133 кәсіби қызметтер көрсететін компания

\*Қазақстан Республикасының Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес 64-66-бөлімдер.

## ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ

### АХҚО ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМІ



АХҚО актілері Англия мен Уэльстің нормалары мен прецеденттері және әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттары негізінде әзірленді. АХҚО соты мен ХТО – сот талқылауы мен коммерциялық дауларды шешуге арналған аймақтағы жалпы құқықтың алғашқы тәуелсіз органдары.

АХҚО-да eJustice электрондық сот төрелігі жүйесі жұмыс істейді, ол тараптарға Астанада нақты болу қажеттілігінсіз әлемнің кез келген нүктесінен АХҚО соты мен ХТО-ға электрондық түрде талап-арыз жолдауға мүмкіндік береді.

### САЛЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕРІ



Қаржы қызметтерін көрсететін АХҚО қатысушылары 2066 жылғы 1 қаңтарға дейін көрсетілген қаржылық және қосалқы қызметтер бойынша КТС төлемдерінен босатылған. Бұдан басқа, акцияларды және АХҚО қатысушыларының жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерін сату кезінде дивидендтер мен құн өсімінен, сондай-ақ АХҚО

биржасында листингтелген бағалы қағаздар бойынша сыйақылар, дивидендтер және құн өсімінен КТС және ЖТС төлеуден босату көзделген.

### ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ЕҢБЕК ЖӘНЕ ВИЗАЛЫҚ РЕЖИМ



АХҚО қатысушылары үшін АХҚО Экспат орталығында ұсынылатын ерекше жеңілдетілген еңбек және визалық режим қолданылады. Шетелдік қызметкерлерге ыңғайлы болу үшін Экспат орталықтың қызметі ағылшын тілінде «бір терезе» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

### ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ



Бағдарлама шетелдік инвесторларға және олардың отбасы мүшелеріне АІХ биржасында тіркелген бағалы қағаздар, инвестициялық қорлар және АХҚО-да тіркелген компаниялардың жарғылық капиталы сияқты АХҚО құралдарына қаражат салған кезде Қазақстанға кіруге арналған көп реттік инвестициялық виза беріледі. Бұдан басқа, бағдарламаға қатысушыларға Қазақстан Республикасының салық резиденттігін оңайлатылған шарттармен алуға болады.

## АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

### ЖАҒАНДЫҚ БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН МУЛЬТИВАЛЮТАЛЫҚ РЕЖИМ



АХҚО қатысушыларына кез келген өзара келісілген валютада есеп айырысуды жүзеге асыруға рұқсат етіледі. Бұған АҚШ доллары, еуро, Ресей рублі және қазақстандық теңге кіреді және тек осы валюталармен шектелмейді, бұл трансшекаралық операциялар кезінде икемділік пен тиімділікті қамтамасыз етеді.

### АХҚО ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАРЫ



АХҚО активтерді басқару және инвестицияларды шоғырландыру үшін холдингтік компанияларды құру мүмкіндігін қоса алғанда, заңды тұлғаларды құру үшін ұйымдық-құқықтық нысандардың 15 түрін ұсынады. Компаниялар 1 АҚШ долларынан басталатын жарғылық капиталмен тіркеле алады, сонымен қатар құрылымдалған қаржыландыру, тәуекелдерді басқару және венчурлық инвестициялар үшін арнайы мақсаттағы компаниялар (SPC) қолжетімді.

### РЕДОМИЦИЛЯЦИЯ



АХҚО-да компанияларды өзге юрисдикциялардан АХҚО юрисдикциясына көшіруге мүмкіндік беретін актілер қабылданды.

### ИННОВАЦИЯЛЫҚ БИРЖАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



АХҚО-да жаһандық инвестициялық қоғамдастыққа таныс реттеуші қағидалар шеңберінде әрекет ететін әлемдік деңгейдегі жоғары технологиялық қор биржасы жұмыс істейді. Биржа Дүниежүзілік биржалар федерациясының мүшесі және оны Ұлыбританияның Салық және кеден қызметі тарапынан танылған.

### НЕГІЗГІ РЕСМИ ТІЛ – АҒЫЛШЫН ТІЛІ

АХҚО-ның ресми тілі – ағылшын тілі. АХҚО актілерін әзірлеу және қабылдау, сот ісін жүргізу және құжаттама ағылшын тілінде жүргізіледі.

### 100% ШЕТЕЛДІК ИЕЛІК

АХҚО-да тіркелген компаниялар 100% шетелдік иелік ету құқығына ие.

### ВЕНЧУРЛЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ КЕҢ ЖЕЛІСІ



АХҚО аймақтағы венчурлық қаржыландыру құралдарының ең жан-жақты түрлерінің бірін ұсынады. ТМД елдері арасында алғаш рет айырбасталатын қарыздар, KISS пен SAFE келісімдері, сондай-ақ үлестерді сатып алудың опциондық схемалары сияқты заманауи тетіктер енгізілді.

### ЦИФРЛЫҚ АКТИВТЕРДІҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН НАРЫҒЫ



АХҚО блокчейн-технологиялар негізінде криптобиржалар, токенизацияланған активтер және қаржылық қызметтерге арналған, бизнес үшін реттелетін және қолайлы ортаны ұсына отырып, цифрлық активтердің жетекші хабына тез айналуға. АХҚО FinTech Lab алаңының арқасында компаниялар ашық нормативтік реттеу шеңберінде өздерінің цифрлық активтер саласындағы инновациялық шешімдерін сынақтан өткізіп, ауқымын кеңейте алады.



## ЕУРАЗИЯЛЫҚ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ОРТАЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ

АЗИЯ МЕН ЕУРОПА АРАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ БАЛАМАЛЫ САУДА АРТЕРИЯСЫНА ТЕЗ АЙНАЛА БАСТАҒАН ДӘЛІЗ – ТРАНСКАСПИЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК МАРШРУТЫН (ТХКМ) ДАМУ МЕН ІСКЕ АСЫРУДЫ ҚОЛДАУДАҒЫ АХҚО-НЫҢ МАҢЫЗДЫ РӨЛІ АРТА ТҮСУДЕ.

Жаһандық сауда жолдары өзгеріп жатқан геосаяси ахуалға бейімделуіне қарай, Орта дәліз Еуразия елдерінің ұзақ мерзімді экономикалық ұмтылыстарымен тығыз байланысты тұрақты, әртараптандырылған және перспективалы жолға айналууда. Еуразияның қақ ортасында орналасқан Қазақстан, әрине, осы дәліз шеңберінде маңызды байланыстырушы бөлшек ретінде қызмет етеді.

АХҚО инвестициялар, басқару және инновациялар үшін стратегиялық платформа ретінде әрекет ете отырып, инфрақұрылымның әлеуетін және маршруттың экономикалық перспективаларын толық ашуға көмектесе отырып, бұл позицияны нығайтуда. Жалпы құқық қағидаттарына негізделген құқықтық және нормативтік базасының арқасында АХҚО халықаралық инвесторлар мен

девелоперлерге ұзақ мерзімді трансшекаралық жобаларды іске асыру үшін қажетті сенімділікті, айқындылық пен тұрақтылықты ұсынады.

Оның әлемдік деңгейдегі институттары – АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығы дауларды шешудің сенімді әрі бейтарап тәсілдерін ұсынады, ал тәуелсіз реттеуші органы ашықтық пен қаржылық адалдықтың жоғары стандарттарын ұстанады.

АХҚО Орта дәлізді (ТХКМ) дамытуға және аймақтық экономикалық интеграцияны нығайтуға бағытталған бірнеше стратегиялық бірлескен кәсіпорынның құрылуына ықпал етті. Бұл ынтымақтастық мультимодальды логистиканы жақсартуға, трансшекаралық инвестицияларды тартуға және өңірлік байланыстарды нығайтуға бағытталған.

**KPMC LTD, 2022** - Көлік-логистика секторы үшін ақпараттық технологиялар саласындағы консалтингтік және кәсіби қызметтер. (Қазақстан, Сингапур)

**CASPIAN INTEGRATED MARITIME SOLUTIONS, 2023** - Теңіз және жағалау жүк тасымалы. (Қазақстан, БАӘ)

**MIDDLE CORRIDOR MULTIMODAL LTD., 2023** - Транскаспий халықаралық көлік маршрутындағы мультимодальды және көліктік-логистикалық қызметтер. (Қазақстан, Әзірбайжан және Грузия)

**SK-AIH INVESTMENT FUND LTD., 2024** - Қор әртүрлі салаларға, соның ішінде Орта дәлізге тікелей байланысты жобаларға белсенді инвестиция салуда. (Қазақстан, Әзірбайжан)

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯҒА КІРЕТІН ҚАҚПА

ҚАЗАҚСТАНДА ОРНАЛАСҚАН «АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ ПЕН КЕЛЕ ЖАТҚАН НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАСЫНА СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстанды қамтитын аймақ инфрақұрылымды әртараптандыру, жаңғырту жөніндегі бастамалармен және халықаралық инвестициялар үшін өсіп келе жатқан ашықтықпен байланысты терең экономикалық өзгерістерді бастан кешуде.

Жиынтық ЖІӨ 400 млрд АҚШ долл. асатын және 80 млн астам халқы бар Орталық

Азия – жаһандық мәні артып келе жатқан экономикалық блок. Өңір елдерінің үкіметтері энергия тасымалдаушыларының экспортына тәуелділікті төмендетуге және инфрақұрылым, логистика, «жасыл» энергетика, ауыл шаруашылығы және цифрлық технологиялар сияқты секторларда өсімді ынталандыруға бағытталған құрылымдық реформалар жүргізуде.

# 2024 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

## АХҚО ЖӨНІНДЕГІ 2024 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

**> 3 500-ден**

АХҚО қатысушысы  
(+1 174)

**\$7 млрд**

АIX биржасы арқылы  
тартылған капитал  
(+2,4 млрд АҚШ долл.)

**\$14 млрд**

тартылған  
инвестициялар  
(+3,1 млрд АҚШ долл.)

**₸ 104,77 млрд**

ЖҚО  
жәрдемдесуімен

**> 3 400**

АХҚО соты мен ХТО-да  
аяқталған істер  
(+1000)

**\$1,31 млрд**

АIX биржасындағы  
сауда-саттық көлемі  
(2023 жылмен  
салыстырғанда  
2,3 есе көп)

**₸ 148,4 млрд**

АХҚО қатысушылары  
салық төледі  
(+63,2 млрд теңге)

**>400**

маман АХҚО  
академиясында  
оқудан өтті

**No. 64**

Астананың GFCI'37  
рейтингіндегі  
позициясы

**>2 млн**

CSD AIX-тегі  
инвесторлар шоты  
(+0,5 млн)

**>10,000**

АХҚО қатысушылары  
жұмыс орнын құрды  
(+ 2 844)

**>2600**

АХҚО Экспат  
орталығы ұсынған  
қызметтер  
(+1 009)

# АХҚО-НЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ

## I-REC ЖАҒАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ СЕРТИФИКАТТАРЫ



2024 жылдың қыркүйегінен бастап АИХ биржасында дәстүрлі қаржы құралдарымен қатар жаңартылатын энергия сертификаттарымен (I-REC) сауда жасау қолжетімді болды. АИХ биржасының Сауда қағидаларына тиісті өзгерістер енгізілді.

*I-REC сертификаты 1 МВт/сағ электр энергиясының жаңартылатын көздерден өндірілгенін растайды. Бұл құралдың АИХ платформасына қосылуы компанияларға тұрақты қаржылық көрсеткіштерін сақтай отырып, экологиялық мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді.*

## КАРБОН ПЛАТФОРМАСЫ



Әзірленіп, АИХ базасында іске қосылатын АХҚО-ның көміртегі платформасы экологиялық құралдармен сауда жасау мүмкіндіктерін туғызады. Платформа кеңею және Орталық Азия мен Кавказ үшін аймақтық орталыққа айналу үшін әлеуетке ие.

## ВЕНЧУРЛЫҚ СТУДИЯЛАР



АХҚО-ның «Венчурлық студиялар туралы» қағидалары компанияларға әрбір бастаманы жеке заңды тұлға ретінде дереу тіркеу қажеттілігінсіз, идеядан бастап ең төменгі өміршең өнімге дейін стартаптардың құрылуын қолдай отырып, АХҚО шеңберінде венчурлық студияларды іске қосуға мүмкіндік береді.

### Негізгі ерекшеліктері:

- Бір студия шеңберінде 20 жобаға дейін сүйемелдеу және венчурлық қолдауы бар 10 компанияны іске қосу мүмкіндігі
- Идеяларды тексерудің, нарықта сынақтан өткізудің және тиісті кәсіпкерлерді таңдаудың жеңілдетілген процестері
- Жедел даму үшін қаржыландыру мен сараптамалық қолдауды қоса алғанда, маңызды ресурстарға қолжетімділік

Бастама аймақтың инновациялық әлеуетін жұмылдыра отырып, идеяларды инвестициялық әлеуеті бар нарықтық стартаптарға айналдыру үшін икемді және кооперативтік платформаны ұсына отырып, кәсіпкерлер мен инвесторлар арасындағы алшақтықты жоюға бағытталған.

# ЖАҢА ӨНІМДЕРІ

## КОРПОРАТИВТІК ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫ



AFSA корпоративтік қазынашылық орталықтарының (КҚО) қызметі туралы қағидалар қабылдады. Қағидалар КҚО қорын құра алатын АХҚО-дағы КҚО қызметі үшін әзірленген арнайы режимді белгілейді. Қабылданған қағидалар АХҚО-ны топшілік қаржыландыру, өтімділікті басқару, инвестициялар және басқа да қазынашылық функциялар үшін тартымды юрисдикцияға айналдыра отырып, КҚО қажеттіліктерін ескеретін реттеуші және салықтық ортаны пайдалануға мүмкіндік береді.

## ESG



АХҚО әртүрлі нормативтік, институционалдық және нарықтық бастамалар арқылы ESG қағидаларын ілгерілетуде айтарлықтай жетістіктерге жетті:

### Түркі жасыл қаржы кеңесі.

Түркі мемлекеттері ұйымына қатысушы мемлекеттер арасында ESG-нарықтарын дамытуға жәрдемдесу мақсатында құрылған;

### ESG-облигациялар жөніндегі нормативтік база.

2024 жылдың қазан айынан бастап орнықты борыштық құралдар базасы (AIFC ESG Debentures framework) әрекет етеді, ол «жасыл» және орнықты облигацияларды, соның ішінде сукукты шығарудың минималды стандарттарын белгілейді. Бұл нарықтың ашықтығын арттырады және инвесторлардың сенімін нығайтады.

### ESG-ақпаратты ашу жөніндегі нұсқаулық.

2024 жылдың қазан айында күшіне енген ерікті нұсқаулық банктерге, қор басқарушыларына және сақтандыру компанияларына бағытталған. Ол ESG-қағидаларын қаржы ұйымдарының бизнес-модельдеріне интеграциялауға бағытталған.

### «Жасыл» акционерлік капиталдың қағидалары мен ұсыныстары (AIX):

2024 жылдың қазан айында қабылданған және Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE) стандарттарына негізделген. Бұл құжаттар экологиялық орнықты стратегияны жүзеге асыратын эмитенттерді жіктеуге және танымалдығын арттыруға ықпал етеді.

## AIFC COMMUNITY



2024 жылы АХҚО құнды кәсіби байланыстарды дамытуға, білім алмасуға және АХҚО экожүйесіндегі соңғы оқиғалар туралы қатысушыларды жедел ақпараттандыруға бағытталған жаңа серпінді бастаманы – AIFC Community-ді ұсынды.

Бұл коллаборациялық платформа сала көшбасшыларын, сарапшыларды және бизнес-қоғамдастықты біріктіреді, озық тәжірибелермен алмасу, жаңа мүмкіндіктерді зерделеу және қаржы саласында тұрақты өсімді бірлесіп ілгерілету үшін кеңістік жасайды.

AIFC Community өз қатысушыларына нетворкинг үшін эксклюзивті мүмкіндіктерді, мазмұнды дискуссияларды және стратегиялық сүйемелдеуді ұсынып, өзгеріп жатқан қаржылық ландшафтта сенімді бағдар ұстануға және табысқа жетуге көмектеседі.

## ӨСІМ КАТАЛИЗАТОРЛАРЫ

“ «Салыстырмалы түрде алсақ, қысқа мерзім ішінде АХҚО айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Инвестиция тарту үшін өте ыңғайлы жағдай жасалды. Оның аймақта баламасы жоқ. Инвесторларымызға қолайлы салық, виза және еңбек режимі ұсынылды. Әр инвесторды жеке және кешенді қолдау қағидалары енгізілді. Әділ әрі бейтарап сот жүйесі құрылды. Жаңа цифрлық шешімдердің арқасында IPO-ға қатысу Қазақстанның барлық тұрғынына қолжетімді болды».

«Еліміз қаржы секторындағы ынтымақтастық аясында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қызметіне ерекше мән береді. АХҚО – әлемдегі жетекші қаржы орталықтарының озық тәжірибесін меңгерген Орталық Азия өңіріндегі бірегей мекеме».

Қазақстан Республикасының Президенті  
Қасым-Жомарт Тоқаев

# СЕНІМДІ ЮРИСДИКЦИЯ



Орталық Азия аймағында жалпы құқық жүйесіне негізделген

## 1-ші

юрисдикция

**АХҚО-ның қолданыстағы құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясына, негізделген және «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Конституциялық Заңға және Англия мен Уэльс құқығының нормалары мен қағидаттарына, сондай-ақ жетекші әлемдік қаржы орталықтарының стандарттарына сүйенетін АХҚО-ның бірқатар актісіне негізделген.**

АХҚО құқығын тек АХҚО инвесторлары мен резиденттері ғана емес, АХҚО юрисдикциясынан тыс кез келген жеке және заңды тұлғалар да пайдалана алады. АХҚО-ның құқықтық және реттеуші базасы корпоративтік, шарттық, еңбек және басқа да құқықтық мәселелерді қамтитын 80-нен астам актіден тұрады. АХҚО-ның Құқықтық консультативтік кеңесі актілердің үздік халықаралық практикаларға сәйкес болу кепілдігін қамтамасыз етеді және АХҚО-ның танылған әлемдік стандарттарға сәйкес келетін қаржы орталығы ретіндегі мәртебесін нығайтуға ықпал етеді.

## АХҚО ЮРИСДИКЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЫНАЛАРДЫ ҚАМТИДЫ:

### АҒЫЛШЫН ТІЛІ



АХҚО құқығы ағылшын тілінде әзірленген, бұл халықаралық бизнес-қоғамдастық үшін түсініктілік пен қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

### АШЫҚТЫҚ



Корпоративтік, шарттық, еңбек, өтемақы рәсімдерін, банкроттықты, ақпаратты қорғауды, жеке меншікті және дауларды шешуді реттейтін ашық әрі ықшам құқықтық база.

### ИНКЛЮЗИВТІЛІК



АХҚО құқығының айрықша ерекшелігі – нарықтың мүдделі өкілдерінің қатысуы арқылы құқықтық актілерді жетілдіруге мүмкіндік беретін инклюзивтілігі.

### ҮЗДІК ПРАКТИКАЛАР



АХҚО құқығы жалпы құқық шеңберінде ғасырлар бойы әзірленген үздік коммерциялық тәжірибелерді біріктіріп, сенімді құқықтық негізді қамтамасыз етеді.

### ӘР ТҮРЛІ СЕКТОРЛАРДА ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІ



АХҚО құқығын тек АХҚО қатысушылары ғана емес, оны қолдануға келіскен кез келген адамдар да экономиканың әртүрлі секторларында қолдана алады.



## АХҚО-ДА ЗАҢ МАМАНДЫҒЫН ІЛГЕРІЛЕТУ ЖӘНЕ ДАМУЫ

АХҚО-ның институционалдық өзегінің негізгі элементтерінің бірі – Англия мен Уэльс құқығының қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне негізделген тұрақты әрі сенімді құқықтық жүйе. Осы құқықтық ортаның дамуына жәрдемдесе отырып, АХҚО-ның Заң қызметтерін реттеу жөніндегі кеңесі 2024 жылы АХҚО-да заң мамандығын реттеуді және дамуын қолдауды жалғастыра отырып, маңызды рөл атқарды.

АХҚО-ның заң қызметтерін реттеу саласындағы құқықтық базасына сәйкес АХҚО-ның қолданыстағы құқығы бойынша қызмет көрсететін заңгерлер АХҚО-ның Заң қызметтерін реттеу жөніндегі кеңесінің тарапынан міндетті тіркелуі тиіс және Кеңестің тұрақты қадағалауында болады. Бұл талап тек білікті, құзыретті және жауапты мамандардың ғана АХҚО құқығы бойынша консультациялар беруге құқылы екендігіне кепілдік береді, осылайша АХҚО құқықтық жүйесінің тұтастығын және оған деген сенімділікті қамтамасыз етеді.

2024 жылдың ішінде АХҚО-ның Заң қызметтерін реттеу жөніндегі кеңесі АХҚО-дағы заң қызметтері озық халықаралық практикаларға сәйкес кәсіпқойлықтың, әдеп пен адалдықтың жоғары стандарттарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында өзінің реттеуші функцияларын жүзеге асырды.

АХҚО-ның Заң қызметтерін реттеу жөніндегі кеңесі АХҚО органдарының, консультативтік органдардың, сондай-ақ

заң қызметтерін көрсететін компаниялардың өкілдерінен тұрады. Жыл бойы Кеңес мүшелері өз білімдерімен, көзқарастарымен және кәсіби тәжірибелерімен бөлісе отырып, АХҚО-ның заң қоғамдастығының дамуына белсенді үлес қосты. 2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша Тіркелген заң консультанттарының тізіліміне Қазақстан, Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары, Венгрия, Үндістан, Катар, Қырғызстан, Өзбекстан және Оңтүстік Африка сияқты әртүрлі юрисдикциялардан 107 заңгер енгізілді.

АХҚО-ның Заң қызметтерін реттеу жөніндегі кеңесінің қызметі 2024 жылы АХҚО құқықтық ортасының тұтастығы мен тұрақтылығын нығайтты. Жоғары кәсіби стандарттарға, этикалық мінез-құлыққа және заң қызметтерін тұтынушылардың мүддесін қорғауға бейілділігінің арқасында Кеңес жетекші халықаралық қаржы орталығы ретінде АХҚО-ның одан әрі табысқа жетуіне елеулі үлес қосты.

АХҚО-ның құқықтық жүйесі ағылшын құқығы мен ұлттық заңнама нормаларының табысты қатар жұмыс істеуінің жарқын үлгісі. АХҚО актілері АХҚО-да тіркелген заңды тұлғалар мен басқа тараптар арасында корпоративтік құқық, шарттық міндеттемелер, еңбек қатынастары мәселелері және басқа да бағыттар бойынша туындайтын құқықтық қатынастардың көпшілігін реттейді.



## ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ОФИСІ

2024 жылдың соңына қарай Деректерді қорғау жөніндегі уәкілдің офисі (бұдан әрі – Офис) деректерді қорғау саласында комплаенс мәдениетін белсенді қалыптастыруға кірісті, осылайша «Деректерді қорғау туралы» АХҚО Актісі мен Қағидалары ережелерінің орындалуына ықпал етті.

АХҚО-ның барлық органдары мен АХҚО қатысушылары «Деректерді қорғау туралы» АХҚО Актісі мен Қағидаларының қолданыс аясына жататынын және оның талаптарын сақтауға міндетті екенін атап өту маңызды. Бұл талаптар ерекше мәнге ие, өйткені клиенттердің дербес деректерін, қызметкерлерінің құпия дербес деректерін өңдеуге қатысты.

2024 жылдың ішінде АХҚО деректерін қорғау жүйесін бірқатар түзетулер енгізу арқылы озық әлемдік тәжірибелерге сәйкес келтіру үшін елеулі қадамдар жасалды. Бұл өзгерістерді қабылдау талаптарды сақтауға, жеке тұлғалардың құқықтарын

қорғауға және АХҚО экожүйесінде деректерді басқару практикасына сенімді нығайтуға ықпал ететін барынша сенімді құқықтық базаны құруға бағытталды.

2024 жылғы 12 қарашада АХҚО-ның Құпиялылық мәселелері жөніндегі дүниежүзілік ассамблеяның (Global Privacy Assembly, GPA) – озық практиканы ілгерілету және жаһандық стандарттарды арттыру мақсатында құпиялылық және деректерді қорғау саласындағы реттеушілерді біріктіретін халықаралық үкіметтік емес ұйымның мүшелігіне қабылдануы айтулы оқиға болды.



## КЕПІЛДЕРДІ ТІРКЕУШІНІҢ ОФИСІ

АХҚО Басқарушысы құрған және АХҚО-ның 2017 жылғы № 7 «Кепіл туралы» Актісіне (2024 жылғы 20 мамырда өзгерістер енгізілген) және АХҚО-ның 2018 жылғы № 1 «Кепіл туралы» Қағидаларына сәйкес Кепілдерді тіркеуші әкімшілендіретін Қамтамасыз ету тізілімі белгілі бір нысандарды (тіркеу туралы өтінішті) және оны құрудың шарты ретінде тиісті қамтамасыз ету шартын беруді талап ететін жеке институт ретінде жұмыс істейді.

АХҚО-да қамтамасыз етуді тіркеу кредитор үшін қосымша қорғау шарасы – қарыз алушының міндеттемелерін орындауының өзіндік кепілі ретінде қызмет етеді.

Жоғарыда көрсетілген Актіге және Қағидаларға сәйкес Кепілдерді тіркеушінің офисі қамтамасыз етуді тіркеу рәсімін жүзеге асырады және мәмілелердің заңдық тазалығы мен өзге де мақсаттар үшін қажетті АХҚО-да тіркелген ауыртпалықтар туралы анықтамалар түрінде ақпараттық қызметтер көрсетеді.

2020 жылдан бастап Кепілдерді тіркеушінің офисі 50-ден астам қамтамасыз етуді (өтініштерді) тіркеді және ауыртпалықтардың бар немесе жоқтығын растайтын анықтамалар беру үшін 200-ден астам сұрауды өңдеді.

## ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ ЖҮИЕСІ

Жаһандық экономиканың қарқынды дамуы жағдайында «Астана» халықаралық қаржы орталығы Қазақстанның қаржы, инвестициялар және халықаралық төреліктің аймақтық орталығы ретіндегі позициясын нығайтуда. АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығы (ХТО) дауларды шешудің тәуелсіз, ашық әрі тиімді тетіктерін ұсына отырып, шешуші рөл атқарады. Бұл институттар инвесторлардың сенімін арттыруға ықпал етеді, заңның үстемдігін нығайтады және іскерлік ахуалды жақсартады.

2024 жылдың ішінде АХҚО соты мен ХТО халықаралық және аймақтық бизнесті көбірек тарта отырып, құқықтық сенімділік пен сенімнің тірегі болды. Ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетін әлемдік деңгейдегі сот және төрелік қызметтерін ұсына отырып және ауқымды жаһандық тәжірибесі бар әлемге әйгілі судьялар мен төрешілердің (күшті) құрамына сүйене отырып, АХҚО соты мен ХТО бизнесті жүргізудің ыңғайлылығын арттыруға тікелей үлес қосуда, осылайша Қазақстанның инвестициялық климатын және оның тікелей шетелдік инвестициялар үшін сенімді бағыт ретіндегі тартымдылығын нығайтуда.

Болашақта АХҚО соты мен ХТО мінсіз стандарттарды ұстануға бейілділігін сақтайды, әлемдік құқықтық ортадағы өзгерістерге алдын ала бейімделеді және өздерінің халықаралық байланыстарын үнемі кеңейтеді. Бұл күш-жігер Қазақстанның әлемдік аренадағы стратегиялық мәнін бекітіп қана қоймай, АХҚО-ны орнықты экономикалық өркендеудің және аймақтық іскерлік климатты үздіксіз жақсартудың маңызды катализаторы ретінде айқындайды.

## ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ПРОФИЛЬ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТТЕР

### АХҚО СОТЫ

АХҚО соты ағылшын жалпы құқығының қағидаттарына, заңнамасына және прецеденттеріне негізделі отырып, Қазақстанның ұлттық сот жүйесінен тәуелсіз әрекет етеді. АХҚО Апелляциялық сотының барлық шешімдері түпкілікті, бұл соттың коммерциялық даулардағы түпкілікті төреші ретіндегі рөлін көрсетеді. АХҚО сотына Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын. 11 тәуелсіз судья кіреді және құрылымы мынадай:

- Бірінші инстанция соты (соның ішінде 150 мың АҚШ долл. сомасына дейінгі талап қоюларды жедел қарау рәсімін ұсынатын шағын істер соты)
- Апелляциялық сот

### АХҚО сотының төрағасы



Мэлдондық Мэртебелі Лорд Бернетт

### АХҚО сотының Тіркеушісі және аппарат басшысы



Кристофер Кэмпбелл-Холт

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӨРЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

ХТО сот талқылауына тәуелсіз әрі жедел балама ұсынады және АХҚО-да азаматтық, коммерциялық дауларды шешу кезінде жоғары халықаралық стандарттарға толық сәйкестікте әрекет етеді. ХТО командасы құрамында Еуропа, Азия, АҚШ, Үндістан, Сингапур және Гонконгтан азаматтық және коммерциялық құқық саласында мол тәжірибесі бар және тек тәуелсіздік, бейтараптық және адалдық қағидаттарын басшылыққа алатын 50-ден астам танымал халықаралық төреші мен медиатор бар.

ХТО төрелік шешімдері АХҚО сотының атқарушы бұйрықтары түрінде ұлттық деңгейде және 1958 жылғы Нью-Йорк конвенциясына сәйкес халықаралық деңгейде де орындалуға тиіс, бұл Қазақстанның жаһандық құқықтық жүйеге интеграцияланғанын растайды.

### ХТО төрағасы



Томас Крюммель

### ХТО Тіркеушісі және аппарат басшысы




Кристофер Кэмпбелл-Холт

## ІСТЕРДІҢ РЕКОРДТЫҚ САНЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАМТУ

Құрылған сәттен бастап және 2024 жылға дейін бір жыл ішінде қаралатын істердің жалпы санының айтарлықтай өсуі байқалады, ол 2024 жылы ең жоғары деңгейге жетіп, 1009 істі құрады. Бұл көлемге 54 сот шешімі және 955 аяқталған төрелік және медиациялық рәсімдер кірді (оның ішінде 241 төрелік шешім және 714 медиациялық келісім). Даулар 32 елдің, соның ішінде Орталық Азия, Еуропа, Шығыс Азия және Солтүстік Америка мемлекеттері тараптарының дауларына қатысты болды – олардың барлығы Қазақстанда бизнес жүргізуде.

### АХҚО СОТЫ МЕН ХТО ҚАРАҒАН ІСТЕР

● АХҚО СОТЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ ● ХТО ТӨРЕЛІК ШЕШІМДЕРІ ● ХТО МЕДИАТИВТІК ШЕШІМДЕРІ




Мәртебелі Лорд Кэмерон, Ұлыбританияның бұрынғы Премьер-министрі және Ұлыбританияның қазіргі Сыртқы істер, достастық және даму министрі:

«АХҚО соты... бірнеше жылдың ішінде ғана екі мыңнан астам дауды сәтті шешті. Ашықтық пен заңның үстемдігі инвестицияларды тартады. Мен [Еуразияның] басқа елдері енді осындай модельге қызығушылық танытып жатқанына қуаныштымын.»

### ІСТЕР САНЫ БОЙЫНША ТОП-ЕЛДЕР

Ел	Істердің жалпы санынан %
ҚАЗАҚСТАН	79,3
РЕСЕЙ	5
ӨЗБЕКСТАН	3,8
ТҮРКИЯ	3,2
ТӘЖІКСТАН	1,8
УКРАИНА	1,3
ҚЫРҒЫЗСТАН	1,1
ӘЗІРБАЙЖАН	0,8
ҚЫТАЙ	0,7
БЕЛАРУСЬ	0,5
БАСҚА ЕЛДЕР, СОНЫҢ ІШІНДЕ АҚШ, ҰЛЫБРИТАНИЯ, ГЕРМАНИЯ, ҮНДІСТАН, БАӘ, ЖАПОНИЯ ЖӘНЕ Т.Б.	2,5



Барлық даулардың 79% тиесілі Қазақстан сенімді түрде көш бастап тұр, бұл АХҚО соты мен ХТО-ның ұлттық іскерлік қоғамдастық контекстіндегі маңыздылығын көрсетеді.

Ресей, Өзбекстан және Түркия да елеулі үлес қосуда, бұл институттардың еуразиялық кеңістіктегі тартымдылығы мен маңыздылығын көрсетеді.

Қытай, АҚШ және ірі еуропалық мемлекеттер сияқты әлемдік жетекші экономикалардың қатысуы АХҚО-ның халықаралық заң стандарттарына және оның дауларды шешу жөніндегі мүмкіндіктеріне жаһандық сенімнің артып келе жатқанын

айғақтайды.

Осы деректердің жиынтығы қатысушылардың кең ауқымын тартатын және трансшекаралық экономикалық интеграцияға, өңірдегі инвесторлардың сенімін арттыруға ықпал ететін дауларды шешудің халықаралық танылған орталығы ретінде АХҚО соты мен ХТО-ның табысты жайғасымын растайды.

## ТАЛАП-АРЫЗДАР ТҮРЛЕРІ (2018 Ж. БАСТАП)

Талап-арыздар түрлері	%
ЖАЛПЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМШАРТТАР	68,6
ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БАНК ІСІ	26,6
ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК (МЖӘ)	1,9
ТӨРЕЛІК ШЕШІМДЕРДІ ТАЛУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ	1,2
МҮЛІКТІК ДАУЛАР	0,6
АХҚО ШЕҢБЕРІНДЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУ	0,5
КОМПАНИЯЛАРДЫҢ БІРІГУ	0,4
ТӨРЕЛІК ШЕШІМДЕРГЕ ДАУ АЙТУ	0,2



Айта кетерлігі, 2024 жылдың соңына қарай АХҚО-ның модельдік төрелік ережелері 11 000-нан астам коммерциялық келісімшартқа енгізілді, бұл іскерлік қатынастарды реттеуде осы институттарға деген терең сенімді айшықтайды.

Өсу жағдайында Сот пен ХТО қызметтерінің сапасын ұстап тұру мақсатында eJustice инновациялық цифрлық платформасы кеңейтілді. Бір жылда қаралған істердің 90%-дан астамы құжаттарды электронды түрде берілді, сот ісін жүргізудің цифрлық форматын және қорғалған виртуалды отырыстарды пайдалана отырып өтті, бұл географиялық шектеулер мен сыртқы факторларға қарамастан үзіліссіз жұмысты қамтамасыз етті. Судьялар, төрешілер мен медиаторлар қорғалған бейнеконференция технологияларын үнемі пайдаланады, бұл процестерді оңтайландыруға және сот ісін жүргізуге қатысушылардың уақыты мен шығындарын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, аппарат істерді

қарауды жоспарлау жүйелерін оңтайландырып, судьяларға жүктемені тиімді бөле отырып, талап-арыздардың күрделене түсуі және сомаларының артуымен (бір іс үшін 330 млн АҚШ долл. дейін) байланысты операциялық міндеттерді проактивті түрде шешті. Бір уақытта 40-тан 50-ге дейін іс белсенді басқарылды, бұл дауларды уақтылы шешуді қамтамасыз етті және олардың жиналып қалуына жол бермеді. Қаралған істер бойынша мәлімделген талаптардың жалпы сомасы 1,3 млрд АҚШ долл. асты, бұл істер санының өсуін ғана емес, АХҚО шеңберінде шешілетін даулардың маңыздылығы, күрделілігі мен ауқымының өсуін де көрсетеді.

## ШЕШІМДЕРДІ ОРЫНДАУ ЖӘНЕ ИНВЕСТОРЛАРДЫҢ СЕНІМІ

2024 жылы шығарылған барлық сот шешімдері мен төрелік қаулылары АХҚО сотының шешімдерді орындаудың оңайлатылған рәсімінің арқасында Қазақстан аумағында 100% қанағаттану деңгейімен орындалды.

АХҚО сотының шешімдері БАӘ, Түркия және Оңтүстік Кореяны қоса алғанда, шетелде де ерікті түрде танылып, орындалды, бұл АХҚО шешімдеріне халықаралық сенімді куәландырады.

АХҚО соты мен ХТО-ның танылуының артуы осы институттармен ынтымақтасатын заңгерлер қауымдастығының кеңеюімен расталады: 2024

жылғы жағдай бойынша АХҚО сотында тараптардың мүддесін білдіру құқығы бар 34 елдің 693 адвокаты АХҚО сотына тіркелген. Бұл 2023 жылғы нәтижелермен (32 юрисдикциядан 571 адвокат) салыстырғанда айтарлықтай өсімді көрсетеді, осылайша тараптарға жергілікті және халықаралық өкілдердің әртүрлі қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз етіді.

## ТАРАПТАРДЫҢ МҮДДЕСІН БІЛДІРУ ҚҰҚЫҒЫМЕН 693 ЗАҢГЕР ТІРКЕЛДІ

Топ-10 ел

34 ел

1		ҚАЗАҚСТАН 445 заңгер
2		ҰЛЫБРИТАНИЯ 107 заңгер
3		ҚЫТАЙ 37 заңгер
4		РОССИЯ 24 заңгер
5		АҚШ 18 заңгер
6		ҮНДІСТАН 13 заңгер
7		АВСТРАЛИЯ 6 заңгер
8		СИНГАПУР 6 заңгер
9		БАӘ (ДУБАЙ) 5 заңгер
10		ТҮРКИЯ 4 заңгер

## ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ

АХҚО дауларын шешу жүйесі АХҚО соты мен ХТО жанында жұмыс істейтін белсенді Оқу орталығымен толықтырылды. 2024 жылы Оқу орталығы халықаралық соттардағы адвокаттық қызметтен бастап тиімді төрелік техникаларға дейінгі тақырыптар бойынша практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған 12 интерактивті бағдарлама өткізді. Жыл ішінде 1300-ден астам маман – заңгерлер, корпоративтік консультанттар мен сарапшылар осы бағдарламалар шеңберінде оқудан өтіп, тиісті аккредитация алды.

Herbert Smith Freehills LLP-мен бірлесіп өткізілген «Еуразия төрелік апталығы» (IAC Eurasia Arbitration Week) сияқты флагмандық іс-шаралар төреліктің соңғы үрдістер туралы білім алмасуға ықпал ете отырып, 15 елдің спикерлері мен 200-ден астам қатысушының басын қосты. Басқа да маңызды бастамалар қатарында ArbitralWomen-мен серіктестікте өткізілген «Төреліктегі әйелдер күні» және бизнес-қоғамдастық үшін АХҚО сотының рәсімдерін түсіндіруге бағытталған «Сот төрағасымен және ХТО басшысымен кездесу» сияқты ағартушылық сессиялар болды.

Жастарға инвестициялар да маңызды рөл атқарды: АҚШ сауда министрлігімен бірлесіп ұйымдастырылған IAC Central Asia Vis Pre-Moot төртінші жыл

сайынғы алдын ала турнирге 29 елден 40 студенттік команда қатысты, ал АХҚО соты мен ХТО тарихындағы алғашқы «Жоғары сыныптарға арналған ашық есік күнінде» 100 қазақстандық оқушыны дауаларды шешудің заманауи әдістермен танысты.

Осы білім беру және кадрлық бастамалардың арқасында АХҚО соты мен ХТО өз қызметтерін пайдаланушылардың құзыретін арттырып қана қоймай, аймақта заң мамандарының жаңа буынын қалыптастырды. Оқыту мен өзара әрекеттесуге бағытталған бұл стратегиялық екпін Сот пен ХТО айналасында жақсы ақпараттандырылған пайдаланушылар мен практикалар бар тұрақты экожүйені қамтамасыз етеді.

**>4800** 2018 жылдан бері оқудан өткен мамандар саны

12

ИНТЕРАКТИВТІ  
БАҒДАРЛАМА

+1300

2024 ЖЫЛЫ  
ОҚУДАН ӨТКЕН  
МАМАНДАР

## ЖАҒАНДЫҚ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

2024 жылға қарай АХҚО соты мен ХТО әлемдік аренада берік орнығып, өзінің сапасы мен серіктестігі үшін елеулі халықаралық мойындауға ие болды. London Commercial Courts Report 2024 есебіндегі жарияланым маңызды тану болды, онда АХҚО соты мен ХТО дауларды шешу саласындағы келешегі зор көшбасшылар деп аталды. Бұл беделді әлемдік есептегі жоғары баға АХҚО институттарының қалыптасқан сот мекемелері арасында өсіп келе жатқан мәртебесін көрсетеді.

2024 жылдың тағы бір маңызды оқиғасы АХҚО соты мен ХТО қатысымының жағандық кеңеюі болды – атап айтқанда, тоғыз елде он өкілдігі бар институттар желісіне енген Қытайдағы заманауи физикалық және цифрлық орталық AIFC Court & IAC Beijing ашылды. Бұл кеңею олардың өсіп келе жатқан беделі мен қолжетімді болуға деген ұмтылысын көрсетеді.

Осы жылы ресми ынтымақтастық аясы да кеңейді. Бүгінгі таңда АХҚО соты мен ХТО жергілікті, аймақтық және халықаралық ұйымдармен өзара түсіністік туралы 100-ден астам меморандумға қол қойды, оның ішінде бүкіл әлем бойынша дауларды шешудің жетекші институттарымен және кәсіби қауымдастықтармен 2024 жылдың ішінде ғана жасалған 35 жаңа келісім бар.

Бұл серіктестіктер бірнеше құрлықтағы – Еуропа мен Азияның төрелік орталықтарымен жасалған келісімдерден бастап, адвокаттар алқалары мен университеттермен ынтымақтастық туралы келісімдерді қамтиды – бұл білім алмасу мен өзара қолдауға деген кең бейілділікті көрсетеді. Мұндай өзара іс-қимыл АХҚО институттарына деген сенімді арттырады және олардың үздік әлемдік практикаларға сәйкестігіне кепілдік береді.

Мысалы, 2024 жылы Ыстамбұл төрелік орталығымен және

Ыстамбұл энергетикалық даулар төрелік орталығымен құрылған жаңа ынтымақтастық негізгі юрисдикциямен (Түркия Республикасы) және оның заң қоғамдастығымен байланысты нығайтты. Қытайдағы, Орталық Азиядағы және Таяу Шығыстағы осындай бастамалар АХҚО соты мен ХТО-ны коммерциялық соттар мен төрелік орталықтардың халықаралық желісіндегі маңызды ойыншыларға айналдырды, сондай-ақ олардың Еуразия аймағындағы дауларды шешудің таңдаулы орны ретіндегі позицияларын нығайтты.

АХҚО соты мен ХТО-ның 2025 жылға арналған стратегиялық жоспарлары Қазақстанның инвестициялық тартымдылықты арттыру жөніндегі басымдықтарына сәйкес келеді және Қытайдан, Түркиядан, Еуразияның кең аймағынан және әлемнің басқа өңірлерінен Қазақстанға инвестициялар тартуды қолдау жөніндегі одан әрі бастамаларды қамтиды.

2025 жылы қаралатын істер санының өсуі жалғасады деп күтілуде. АХҚО соты мен ХТО-ның дауларды шешудің Еуразиядағы таңдаулы халықаралық институттар ретіндегі, сондай-ақ Қазақстанға инвестициялар салу туралы түпкілікті шешімдер үшін «негізгі бөлшектер» ретіндегі беделі одан әрі нығая түседі деп болжануда.

Астанадан басқа,  
АХҚО соты мен ХТО соты:

- Армения (Ереван)
- Әзірбайжан (Баку)
- Грузия (Тбилиси)
- Қазақстан (Алматы)
- Қытай (Бейжің)
- Қырғызстан (Бішкек)
- Тәжікстан (Душанбе)
- Түркия (Ыстамбұл)
- Түрікменстан (Ашхабад)
- Өзбекстан (Ташкент)

сияқты қалалардағы 10 бірінші класты орын-жайлар мен цифрлық технологияларға қолжетімділікке ие.

Мэттью Кёртланд, Norton Rose Fulbright (АҚШ) тең серіктес-басқарушы:

“

«Оларда тамаша персонал мен инфрақұрылым бар, оларда істерді қараудың өте жақсы жүйесі жолға қойылған, бұл оны аймақтағы инвесторлар үшін өте тартымды етеді... Бұл Лондон мен Парижге өте жақсы балама.»



## БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН РЕТТЕУ

АХҚО Қаржылық қызметтерді реттеу комитеті (АХҚО комитеті, AFSA) – Орталық шеңберінде қаржылық қызметтер мен ілеспе қызмет түрлерін қадағалауды жүзеге асыру үшін Конституциялық заңға сәйкес құрылған АХҚО-ның тәуелсіз реттеушісі. Юрисдикцияда тек білікті компаниялар мен адал тұлғалар тиісті түрде жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында AFSA АХҚО-да жұмыс істейтін қаржы ұйымдары мен нарықтық институттарды лицензиялау, тіркеу және қадағалау өкілеттігіне ие.

Реттеуші ретінде AFSA АХҚО нормативтік актілерін қатаң сақтау және нарықтық тұтастықты қорғау арқылы бизнесті жүргізу үшін әділ, ашық әрі қолайлы орта қалыптастырады. AFSA реттеу жүйесі халықаралық стандарттарға сәйкес құрылған, бұл қаржылық тұрақтылыққа ықпал етеді және Орталықтың жаһандық инвесторлар үшін тартымдылығын арттырады. Өз мандаты шеңберінде AFSA ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл саласындағы (АЖ/ТҚҚ) жаһандық стандарттарға сәйкестікті және IOSCO, Орталық және Шығыс Еуропа банктерінің қадағалау органдары қауымдастығы (BSCEE) және Халықаралық сақтандыруды қадағалау органдары қауымдастығы (IAIS) сияқты халықаралық ұйымдарға мүшелікті қоса алғанда, қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен ашықтығын қамтамасыз етуге белсенді жәрдемдеседі. Жоғары стандарттар мен тәуелсіз реттеуге бейілділік инвесторлардың сенімін нығайтады және АХҚО-ның сенімді халықаралық қаржы орталығы ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

## 2024 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР



Анджела Найт, СВЕ  
Директорлар  
кеңесі төрағасы



Евгения Богданова,  
Бас директор

### Цифрлық активтер экожүйесін дамыту.

АХҚО комитеті цифрлық активтер экожүйесін дамытуға және кеңейтуге ерекше назар аударады, бұл оның қаржы саласындағы инновацияларға, тиімділік пен қауіпсіздікке жәрдемдесуге бейілділігін көрсетеді.

### Қорлар мен активтерді басқару тетіктерін жетілдіру.

Бұл бастама қорлар мен активтерді басқару қызметінің тиімділігі мен тұтастығын арттыруға ықпал ете отырып, реттеуші тетіктерді ретке келтіруге және жетілдіруге мүмкіндік береді.

### Капитал нарықтарын дамыту.

АХҚО комитеті неғұрлым кең әрі озық капитал нарығын дамытуға жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты белсенді дамытуда. Бұл стратегиялық фокус AFSA-ның капитал нарығының сенімді әрі жақсы жұмыс істейтін экожүйесін құруға деген ұмтылысын көрсетеді.

## РЕТТЕУШІ НОРМАЛАРДЫ ДАМУ

2024 жылы AFSA нормативтік базаны ауқымды жетілдіруді жүзеге асырды, оның халықаралық реттеу стандарттарына сәйкестігін күшейтті және АХҚО шеңберінде қаржы индустриясының өзгеріп жатқан қажеттіліктеріне тиімді ден қойды. Жалпы алғанда, 17 нормативтік актіге жан-жақты талдау жасалып, жаңартылды (толық мәлімет 2-қосымшада келтірілген), бұл AFSA-ның нормативтік-құқықтық реттеуді дәл, икемді әрі тиімді етуге деген ұмтылысын көрсетеді.

### НОРМАТИВТІК БАЗАНЫ КЕҢЕЙТУ

2024 жылы AFSA АХҚО-ның реттеуші режимін кеңейтіп, дамып келе жатқан бизнес-модельдер мен қаржы құралдары үшін жаңа актілерді енгізді. Атап айтқанда, отбасылық офистер, корпоративтік қазынашылық орталықтары мен венчурлық студиялар үшін арнайы реттеу режимдері енгізіліп, бұл құрылымдарға АХҚО-да құрылу мен жұмыс істеу үшін нақты құқықтық негіз ұсынылды. Сонымен қатар, «жасыл» және орнықты облигациялар мен сукуктерді шығару туралы акт бекітіліп, Орталықта орнықты қаржыландыруды ілгерілетуге негіз қаланды. Бұдан басқа, AFSA қолданыстағы ережелерді өзектілендірді, соның ішінде токенизацияланған тауарлар мен инвестицияларды реттей бастады, сондай-ақ көпжақты сауда алаңдарына (MTF/OTF) арналған қағидаларды жетілдірді. Бұл қадамдар инновациялық жаһандық үрдістерді ескере отырып және инвесторларды сенімді қорғауды сақтай отырып, АХҚО-да реттеудің толықтығын қамтамасыз етеді.

### ESG ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТАМАЛАР

Жаһандық үрдістерге сәйкес AFSA «жасыл» және орнықты қаржыландыруды қолдау үшін маңызды қадамдар жасады. 2024 жылдың қазан айынан бастап АХҚО-да ESG-облигацияларын шығару жөніндегі нормативтік база күшіне енді, ол «жасыл» және орнықты борыштық құралдарды, соның ішінде сукукты шығаруға қойылатын ең төменгі талаптарды белгілейді. Жаңа режим жіктеу мен ақпарат ашудың нақты өлшемшарттарын ұсынып, мұндай құралдарды шығаруды жеңілдетеді және инвесторларға орнықты инвестициялаудың сенімді нұсқаларын анықтауға көмектеседі. AFSA-ның бастамасы АХҚО-да орналастырылатын «жасыл» құралдарға деген сенімді нығайта отырып, климатқа бағдарланған жобаларға капитал ағынын ынталандырады деп күтілуде. Бұған АХҚО компаниялары мен қаржы ұйымдарын орнықты даму көрсеткіштері жөнінде ашық есептілікке ынталандыратын ESG-ақпаратты ашу бойынша бұрын шығарылған ерікті нұсқаулық та ықпал етеді. ESG-ді реттеушілік күн тәртібіне енгізе отырып, AFSA 2024 жылы АХҚО-да ICMA және БҰҰ ОДМ қағидастарын қоса алғанда, халықаралық стандарттарға сәйкес орнықты қаржыландыру және жауапты инвестициялаудың аймақтық орталығын қалыптастыру үшін негіз қалады.

### ҚАДАҒАЛАУДЫ КҮШЕЙТУ ЖӘНЕ ҮЗДІК ПРАКТИКАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

AFSA 2024 жылы жаңа актілер қабылдауымен қатар, бірқатар негізгі реттеу стандартын жетілдірді. Өзекті тәуекелдерді ескере отырып, ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және санкциялық режимді сақтау жөніндегі қағидаларға түзетулер енгізілді. Банкроттыққа қатысты реттеу режимі ашықтықты арттыру және кредиторларды қорғауды күшейту үшін қайта қаралды. Сондай-ақ, АХҚО контекстінде үздік әлемдік практикаларды ескере отырып, деривативтер саудасын, активтерді басқаруды және рейтингтік агенттіктердің қызметін реттейтін салалық нормативтер жаңартылды. Бұдан басқа, тәуекел деңгейі төмен қаржы компаниялары үшін реттеудің жеңілдетілген режимі енгізілді, бұл нарықтың шағын қатысушыларына жүктемені тең түрде төмендетуге мүмкіндік берді.

## ТІРКЕУ, АВТОРИЗАЦИЯ ЖӘНЕ ТАЛУ

2024 жылы нормативтік-реттеуші базаны жетілдіру АХҚО нарығының серпінді өсуінің негізгі факторы болды. Тиімді қадағалау мен AFSA-ның жәрдемдесуге бағытталған проактивті тәсілінің арқасында 2024 жылы Орталықта нарық қатысушылары санының айтарлықтай өсуі және қаржылық қызмет спектрінің кеңеюі байқалды.

### ҚАТЫСУШЫЛАР ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫНЫҢ АРТУЫ

2024 жылы AFSA жаңа қатысушылардың рекордтық санын – 1 174 компанияны тіркеді, бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен екі есе асып түседі. АХҚО-да тіркелген ұйымдардың жалпы саны 3 500-ден асты, олар АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Түркия және Сингапурды қоса алғанда 84 елге тиесілі. Бір жыл ішінде AFSA қадағалауындағы АХҚО-ның қаржы секторы бірқатар негізгі көрсеткіштер бойынша тарихи максимумдарды белгілей отырып, серпінді дамуды көрсетті. Бұл өсім АХҚО платформасының инвестициялық тартымдылығын және оның нормативтік ортасына деген сенімнің жоғары деңгейін растайды.

AFSA сонымен қатар қаржылық қызметтерді жүзеге асыруға 49 жаңа лицензия берді, бұл 2023 жылғы деңгейден екі есе көп. Банктер, сақтандыру компаниялары, активтерді басқарушылар, брокерлер, финтех-компаниялар және исламдық қаржы институттарын қоса алғанда, АХҚО-да лицензияланған қаржы ұйымдарының жалпы саны 126-ға жетті. Лицензияланған ұйымдардың үштен бірінен астамы қорлар мен капиталды басқару саласында жұмыс істейді, бұл АХҚО-ның активтерді басқару сегментіндегі бәсекелік артықшылықтарын көрсетеді.

Бұған қоса, 2024 жылы заң және аудиторлық ұйымдар сияқты қосымша 21 қызмет ұсынушыға лицензия берілді. Лицензияланған қосалқы қызмет көрсетушілердің жалпы саны 130-дан асты, бұл Орталықтың экожүйесін одан әрі дамытуға және инвесторларға арналған қызметтер спектрін кеңейтуге ықпал етті.

### ҚОСАЛҚЫ ҚЫЗМЕТТЕР ПРОВАЙДЕРЛЕРІ

КОНСАЛТИНГТІК ҚЫЗМЕТТЕР	58
ЗАҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ	16
АУДИТ ҚЫЗМЕТТЕРІ	19
КРЕДИТТІК РЕЙТИНГ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ	2
БУХГАЛТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕР	1
ӘРТАРАПТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ	37

**БАСҚАРУДАҒЫ  
АКТИВТЕР КӨЛЕМІ  
\$1,1 МЛРД**

**АХҚО-НЫҢ  
РЕТТЕУІНДЕГІ ҚОРЛАР**



**АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУДАҒЫ СЕРПІЛІС  
ЖӘНЕ БАСҚАРУДАҒЫ АКТИВТЕР (AUM)  
КӨЛЕМІНІҢ ӨСУІ**

AFSA реттейтін АХҚО-дағы активтерді басқару индустриясы 2024 жылы елеулі өсім көрсетті. Соңғы 3,5 жылда басқарудағы активтер көлемі 865%-ға – 2021 жылдың басындағы 115 млн. АҚШ долларынан 2024 жылдың соңына қарай 1,1 млрд. АҚШ. долл. дейін ұлғайды.

Тек 2024 жылдың өзінде АХҚО-да тіркелген ұжымдық инвестициялық қорлардың саны екі еседен астамға – 42-ден 101-ге дейін өсті, ал қорлар мен активтерді басқарушылар саны 46-дан 65-ке дейін өсті. Мұндай динамикаға қорды басқару саласындағы AFSA-ның сенімді әрі икемді нормативтік базасы, сондай-ақ мамандандырылған компанияларды тарту бойынша белсенді жұмыс ықпал етті.

2024 жыл АХҚО-да активтерді басқару саласы үшін бірқатар маңызды «алғашқы» оқиғалармен айшықты болды: AFSA Орталықта бөлшек инвесторларға бағытталған

алғашқы босатылмаған инвестициялық қорды (non-exempt), шариғат нормаларына сәйкес келетін алғашқы исламдық ETF-қорды, сондай-ақ алғашқы қолшатыр қорын тіркеді, осылайша қолжетімді инвестициялық құралдар спектрін кеңейтті. Сондай-ақ AFSA алғаш рет АХҚО биржасында босатылған қорлардың (exempt) листингіне рұқсат берді – 2024 жылдың соңына қарай осындай үш қор AFSA-ның реттеушілік мақұлдауымен AIX биржасында орналастырылды. Бұл жетістіктер АХҚО қаржы өнімдерінің өсіп келе жатқан алуандығын ғана емес, сонымен қатар оның нарықтарының қарқынды дамуын да көрсетеді.

**БЕКІТЕЛЕТІН ЖӘНЕ  
НЕГІЗГІ ЛАУАЗЫМДЫ  
ТҰЛҒАЛАР**


2024 жылы AFSA бақыланатын функцияларды орындау үшін 235 негізгі маманды мақұлдауды ұсынды, олардың 189 түпкілікті мақұлданды, ал 46-сы алдын-ала мақұлданды (Approved In-Principle).

Тәуекелдерді басқарудың тиісті мәдениетін және уәкілетті компанияларда іскерлік этика стандарттарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында AFSA осындай компаниялардың қызметіне басшылықты жүзеге асыратын кандидаттарға объективті бағалау жүргізеді.

Бұл бағалау үміткерлердің реттеушінің талаптарына сәйкес келетін деңгейде өз функцияларын орындау үшін тиісті дағдылары, тәжірибесі және біліктілігі бар екенін растауға бағытталған.

**АХҚО-НЫҢ РЕТТЕУІНДЕГІ ҚОРЛАР,  
2024**

ХЕДЖ-ҚОРЛАР	56
ТШИ ҚОРЛАРЫ	19
БАСҚА ҚОРЛАР	17
ВЕНЧУРЛЫҚ ҚОРЛАР	5
REIT ҚОРЛАРЫ	4



**ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ  
ҚОЛДАНУ, АЖ/ТҚҚ**

AFSA АХҚО қаржы жүйесінің тұтастығы мен сенімділігін сақтауға тырысады. Реттелетін фирмаларды қадағалауды жүзеге асыра отырып, AFSA АХҚО-ның қатысушы компаниялары бизнесті жауапты жүргізуін қамтамасыз етуге ұмтылады, бұл АХҚО-да, Қазақстанда және одан тыс жерлерде қаржы нарықтарының тұрақты дамуына ықпал етеді.

**КАПИТАЛ НАРЫҚТАРЫН  
ҚАДАҒАЛАУ**

АХҚО шеңберіндегі биржаның жалғыз лицензияланған операторы – AIX 2024 жылы айтарлықтай межеге жетті: платформадағы сауда-саттық көлемі 1,3 млрд. АҚШ долл. асып, алдыңғы бес жылдағы сауда-саттықтың жиынтық көлемінен асып түсті. Бұл АХҚО-ның капитал нарығының дамуындағы маңызды жетістікті білдіреді. Тек 2024 жылдың ішінде AIX-те 100-ден астам жаңа листинг өткізілді, нәтижесінде саудаланатын құралдардың жалпы саны 200-ден асты, бұл эмитенттердің AIX-ке шығуға тұрақты қызығушылығын және оның жергілікті және халықаралық компанияларды орналастыруға арналған негізгі алаң ретіндегі мәртебесінің нығайғанын көрсетеді. Биржаның өсуі сенімді нарықтық инфрақұрылымға және халықаралық стандарттарға сай келетін реттеуші периметрге байланысты.

Көпжақты сауда платформасы (MTF) ретінде қызметті жүзеге асыруға AFSA-ның алғашқы лицензиясын алған International Trading System Ltd. (ITS) компаниясы АХҚО шеңберінде өзінің есеп айырысу-клирингтік инфрақұрылымын құрғаннан кейін 2024 жылы жұмысын қайта бастады. Негізгі жетістіктердің қатарына мыналарды атауға болады: NYSE және NASDAQ сияқты әлемдегі жетекші алаңдарда бастапқы листингтен өткен акциялар, депозитарлық қолхаттар және биржалық қорларды (ETF) қоса алғанда, 2,900-ге жуық сауда құралы қосылды; листингі AIX-те жүзеге асырылған және ITS (ITS World ETF) арқылы саудаға жіберілген алғашқы босатылмаған қор АХҚО-да іске қосылды – ең жоғары тәуелдік айналымы 16 млн. АҚШ долл. қор 200 млн. АҚШ долл. сауда-саттық көлеміне қол жеткізді. ITS сонымен қатар АҚШ-тың Салық қызметінен (IRS) Qualified Intermediary (QI) мәртебесін алды, бұл американдық бағалы қағаздардан түсетін кірістерге төмендетілген салық мөлшерлерін қолдануға мүмкіндік береді.

### ПРУДЕНЦИЯЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ


Реттеушілік міндеттер мен қағидаттарды іске асыру мақсатында AFSA тәуекелге бағдарланған тәсіл қағидаттары мен халықаралық стандарттарға негізделген пруденциялық реттеу мен қадағалаудың сенімді жүйесін енгізіп, қолдануда. Қадағалаудың мақсаты – АХҚО шеңберінде қаржы нарықтарының әділдігін, тиімділігі мен ашықтығын

қамтамасыз ету. 2024 жылдың соңында AFSA пруденциялық қадағалауындағы 109 ұйымның активтерінің жалпы көлемі 1,51 млрд АҚШ долл. құрады, бұл 2023 жылғы деңгейден 20%-ға жоғары. 16 фирманы қамтитын банк секторы 997 млн АҚШ долл. активтер жинады (бір жылда 13%-ға өсім). Сақтандыру секторына 5 компания кіреді, оның 3-еуі кэптивті сақтандыру компаниялары, ал 2-еуі сақтандыру делдалдары, активтерінің жиынтық көлемі 43 млн АҚШ долл. Инвестициялық сектор да серпінді өсім көрсетті: 2024 жылдың басында АХҚО-да 62 инвестициялық компания жұмыс істеді, жыл соңына қарай олардың саны 88-ге дейін өсті. Олардың активтерінің жиынтық көлемі 474 млн. АҚШ долл., бір жылда 38%-ға өсті.

### ПРУДЕНЦИЯЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДАҒЫ ҚАРЖЫ КОМПАНИЯЛАРЫ

Активтердің жалпы көлемі:  
**\$1,51 млрд**

**+20%**  
2023 жылмен салыстырғанда



### НАРЫҚТАҒЫ СЕНІМДІ НЫҒАЙТУ МАҚСАТЫНДА ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖАҚСARTУ

2024 жылы AFSA сенімді нығайтуға және нарықтық тұтастықты сақтауға бағытталған неғұрлым проактивті және тәуекелге бағдарланған модельді енгізу арқылы қадағалау тәсілін жетілдірді. Қадағалау іс-шараларына қаржылық ұйымдар мен активтерді басқарушылардан бастап финтех компаниялары мен кәсіби қызмет көрсетушілерге дейінгі

қатысушылардың кең ауқымын қамтитын тұрақты қашықтан бақылау және таңдамалы далалық тексерулер кірді. Нарық қатысушыларымен өзара іс-қимылға, ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқару жүйелерін және корпоративтік басқаруды талдауға ерекше назар аударылды. Қадағалау тексерулерінің басым тақырыптарының қатарында өтімділікті басқару,

корпоративтік басқару және кибертұрақтылық бар, бұл AFSA-ның жаңа тәуекелдерге алдын ала ден қоюға бейілділігін көрсетеді. Жыл ішінде 10 қадағалау тексерісі аяқталды, олардың нәтижелері реттеуші талаптарды сақтау деңгейін арттыруға және инвесторлар мен мүдделі тараптардың АХҚО нормативтік ортасына деген сенімін нығайтуға ықпал етті.

### НАРЫҚТАҒЫ ТӘРТИП ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕГІ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ



FATF/EAG өзара бағалау туралы есебі



Сақтандыруды қадағалау органдарының халықаралық қауымдастығы (IAIS)



IOSCO-ның AFSA қадағалау жүйесін тануы

AFSA-ның 2024 жылғы құқық қолдану саласындағы қызметі әділеттілікті, ашықтықты және алдын ала әсер етуді қамтамасыз етуге бағытталған. Мәжбүрлеу шаралары заңсыз әрекеттер, нарықты манипуляциялау, ақшаны жылыстатуға қарсы заңнаманы (AML) бұзу және инвесторлардың құқықтарын тиісті түрде қорғамау сияқты бұзушылықтарға жауап ретінде қолданылды. Барлығы 2024 жылы құқық қолдану сипатындағы 10 іс-шара жүзеге асырылды, оның ішінде лицензияланбаған нарық қатысушыларына қарсы қатаң шаралар қолданылды, бұл AFSA-ның бұзушылықтарға

мүлдем төзбеушілігін растады. Болжамдылық пен ашықтықты арттыру мақсатында AFSA реттеуге деген көзқарастардың біркелкілігін қамтамасыз ететін құқық қолданудың құрылымдалған тәсілін енгізді. AFSA сонымен қатар нарық қатысушыларын құқық қолдану қызметінің нәтижелері мен қорытындылары туралы үнемі хабардар етіп отырды, осылайша ақпараттандырылған және нормаларды сақтайтын нарықтық ортаның қалыптасуына ықпал етті.

### АЖ/ТҚҚ ЖӘНЕ САНКЦИЯЛЫҚ РЕЖИМДЕРДІ САҚТАУ БОЙЫНША КЕШЕНДІ ШАРАЛАР

2024 жылы AFSA Ақшаны жылыстатуға қарсы қаржылық шараларды әзірлеу тобының соңғы стандарттарына сәйкес нормативтік базаны жаңарта отырып, кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес саласындағы қадағалауды едәуір күшейтті.

Қадағалаудағы басты назар цифрлық активтер қызметтерін ұсынушыларды, банктерді және активтерді басқару компанияларын қоса алғанда,

тәуекел деңгейі жоғары секторларға бағытталды. 10 инспекция және 2 қосымша шығарылым алдындағы тексеру шеңберінде AFSA тереңдетілген AML-талдау жүргізді, бұл реттелетін ұйымдарда ішкі бақылау мен тәуекелдерді бағалауды айтарлықтай жақсартты. Бұдан басқа, AFSA қолданыстағы келісімдер шеңберінде шетелдік қадағалау органдарымен ақпарат алмасуды жолға қоя отырып, халықаралық ынтымақтастықты нығайтты. Бұл шаралар АХҚО ішіндегі АЖ/ТҚҚ саласындағы ықтимал тәуекелдерді анықтауға және төмендетуге айтарлықтай ықпал етті.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

2024 жыл АХҚО нарықтық инфрақұрылымының елеулі дамуымен және оның халықаралық танылуының нығаюымен ерекшеленді.

Бір жыл ішінде AFSA Ұлыбритания, АҚШ, ЕО-ға мүше мемлекеттер, Сингапур, БАӘ қаржы орталықтары, Катар және басқаларын қоса алғанда, 12 жаңа юрисдикциядағы реттеудің баламалылығын мойындап, танылған юрисдикциялардың жалпы санын 17-ге жеткізді. Эквиваленттілік тетігі реттеуші режимдердің үйлесімділігі арқасында аталған елдерден қаржы ұйымдарын тануды жеделдетуге мүмкіндік береді. Бұл қаржылық нарықтық инфрақұрылымды (сауда алаңдарын, есеп айырысу-

клирингтік институттарды), нарықтың білікті қатысушыларын (брокерлерді), сондай-ақ шетелдік қор басқарушыларын қосу процесін айтарлықтай жеңілдетеді, нормаларды сақтау бойынша қайталанатын талаптарды жояды және трансшекаралық белсенділікті ынталандырады. AFSA сонымен қатар реттеуаралық өзара іс-қимылды нығайту мақсатында шетелдік реттеушілермен, соның ішінде Әзірбайжанның орталық банкі, Түркияның сақтандыру және жеке зейнетақыларды реттеу және қадағалау агенттігі, Швецияның

**17** Танылған юрисдикция

**57** МоВ

қаржылық қадағалаушысы және Сальвадордың цифрлық активтер жөніндегі комиссиясымен ынтымақтастық туралы бірқатар келісім жасады. 2024 жылдың соңында AFSA ынтымақтастық туралы 57 меморандум мен екіжақты келісім жасады. Бұл серіктестіктер мен мойындаулар AFSA-ның халықаралық беделін растап қана қоймай, Астананы халықаралық қаржы орталығы ретінде нығайтуға ықпал ете отырып, АХҚО қатысушылары үшін шетелдік нарықтарға қолжетімділікті кеңейтеді.

## АҚПАРАТТЫҚ- АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

2024 жылы AFSA Astana Finance Days, табиғи апаттар тәуекелдерін сақтандыру және қаржыландыру жөніндегі конференция (Дүниежүзілік банкпен бірлесіп), сондай-ақ AIFC Community: 2024 Business Wrap-up сияқты негізгі іс-шаралардың ұйымдастырушысы және серіктесі ретінде белсенді әрекет етті.

Бұл оқиғалар қаржылық сауаттылықты арттыру, орнықты инвестицияларды талқылау, халықаралық ынтымақтастықты дамыту және нарық қатысушылары арасындағы іскерлік байланыстарды нығайту үшін маңызды платформаға айналды. Олар сондай-ақ АХҚО-ның жетекші жаһандық қаржы орталығы ретіндегі беделін нығайтуға үлес қосты.

Стейкхолдерлермен қарым-қатынаста ашық диалог пен

айқындылықты қамтамасыз ету үшін AFSA реттеушілік Town Hall-кездесулер өткізу дәстүрін жалғастырды: 2024 жылы осындай төрт іс-шара өтті. АХҚО қатысушыларына деривативтер, венчурлық студиялар, отбасылық офистер, ESG-облигациялар, ESG-ақпаратты ашу, токенизацияланған тауар активтері және рейтингтік агенттіктер бағыттары бойынша нормативтік базадағы алдағы өзгерістерді қоса алғанда, негізгі бастамаларды таныстырды.

Бұл іс-шаралар кері байланысты нығайту, реттеу қызметінің ашықтығын арттыру және қатысушыларды АХҚО юрисдикциясы шеңберінде құрылатын жаңа мүмкіндіктер туралы хабардар етуде маңызды рөл атқарды.

## ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ

2024 жылы AFSA өзінің реттеу процестерін цифрландыруда айтарлықтай прогреске қол жеткізіп, қызмет көрсету тиімділігі мен сапасын едәуір арттырды. Бұрын AFSA енгізген заңды тұлғаларды тіркеудің толық онлайн жүйесі инновациялық шешімдерді енгізгені үшін 2023 жылы Corporate Registers Forum Innovation Award лауреаты атана отырып, халықаралық тануға ие болды.

Осы жетістіктердің жалғасы ретінде 2024 жылы AFSA компанияларға бұрын қағаз құжат айналымын талап ететін процестер – акцияларды беруді тіркеуге және капитал мөлшерін онлайн режимінде өзгертуге өтінімді ұсынуға мүмкіндік беретін электрондық тіркеуден кейінгі сервистерді іске қосу арқылы цифрлық мүмкіндіктерді кеңейтті. Осының арқасында корпоративтік іс-

әрекеттерді өңдеу мерзімі 7-10 жұмыс күнінен 1-5 күнге дейін қысқарды.

Бұдан басқа, AFSA әзірлеген Digital Resident порталы қазір тіркеу өтінімдерінің 98%-на дейін электрондық форматта ұсынуға мүмкіндік береді, көптеген стандартты рәсімдер бірнеше сағат ішінде бекітіледі. Автоматтандырудың жоғары дәрежесінің арқасында жаңа

компанияларды тіркеу мерзімі 5 күннен 3 сағатқа дейін қысқарды.

Цифрландырудың бұл деңгейі АХҚО шеңберінде бизнесті жүргізуді едәуір жеңілдетеді, реттеушімен өзара іс-қимылдың ыңғайлылығын арттырады және қызмет көрсетудің халықаралық стандарттарына сәйкес келеді.



## ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫҒА АРНАЛҒАН ХАБ

«Астана» халықаралық қаржы орталығы өзінің әртарапандырылған қаржы экосистемінің негізгі бағыттарының бірі ретінде ислам қаржысын дәйекті түрде дамытуда. Азия Даму Банкі (ADB), Ислам Даму Банкі (IsDB), Исламдық қаржы қызметтері жөніндегі кеңес (IFSB), Исламдық қаржы мекемелерінің бухгалтерлік есебі және аудиті жөніндегі ұйым (AAOIFI) және Ислам банктері мен қаржы мекемелерінің бас кеңесі (CIBAFI) сияқты жетекші халықаралық ұйымдардың белсенді қолдауымен АХҚО-да қазіргі заманғы әрі қолайлы құқықтық және

реттеуші орта қалыптасты. Ол исламдық банктік қызмет көрсетуді, банктік емес қаржы институттарын, исламдық инвестициялық қорларды, Takaful жүйесін (шариғат нормалары бойынша сақтандыру) және халықаралық стандарттар мен үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келетін басқа да исламдық қаржы құралдарын қамтиды.

2024 жылдың соңында АХҚО-да Қазақстан, Катар, Малайзия, Бахрейн, Пәкістан және басқа елдерден 25-тен астам исламдық қаржы және ілеспе ұйымдар тіркелген. Олардың қатарында исламдық банк сервистерін ұсынушылар,

шариғатқа сәйкес активтерді басқаратын инвестициялық компаниялар, исламдық рейтингтік агенттіктер, мамандандырылған заң және брокерлік фирмалар, сондай-ақ шариғатқа сәйкестік жөніндегі консультанттар бар.

АХҚО Орталық Азияда да, одан тыс жерлерде де этикалық, орнықты және шариғатқа сәйкес келетін қаржы саласындағы өңірлік хаб мәртебесін нығайта отырып, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді және біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыруды жалғастыруда.

## АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ӘЛЕМ КАРТАСЫНДА, 2024

### 1 594 компания

шетелдік капитал қатысатын компаниялар (АХҚО қатысушыларының жалпы санынан 45%)


### 3 539 компания

АХҚО-да тіркелген компаниялардың (АХҚО қатысушылары) жалпы саны



## ТӨЛЕНГЕН САЛЫҚТАРДЫҢ БӨЛІНІСІ

Компания түрлері бойынша бөлініс



- БАСҚА КОМПАНИЯЛАР — 55%
- ҚАРЖЫ КОМПАНИЯЛАРЫ — 33%
- КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТЕТІН КОМПАНИЯЛАР — 12%

Басқа компаниялардың қызмет түрлері бойынша бөлінісі, теңгемен




## ҚҰРЫЛҒАН ЖЕРГІЛІКТІ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ БОЙЫНША БӨЛІНІС

Компания түрлері бойынша бөлініс



- БАСҚА КОМПАНИЯЛАР — 62%
- ҚАРЖЫ КОМПАНИЯЛАРЫ — 34%
- КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТЕТІН КОМПАНИЯЛАР — 3%

Басқа компаниялардың қызмет түрлері бойынша бөлінісі



## КАПИТАЛДЫҢ ҰТҚЫРЛЫҒЫН АРТТЫРУ



Капитал нарықтары қазіргі экономикалардың маңызды негізін құрайды. Олар инновацияларға ықпал етеді, әл-ауқат қалыптастырады және қоғамдарды қалыптастыратын өзгертуші жобаларға маңызды инвестицияларды бағыттайды. Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия аймағы үшін 2018 жылы АХҚО-ның құрылуы әлемдік қаржы стандарттарына қол жеткізу, экономикалық әлеуетті ашу және орнықты өсуді жеделдету жолындағы айқындаушы қадам болды.

Осы ауқымды бастаманың орталығында «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасы (АХҚО биржасы, AIX) – қысқа мерзімде Қазақстанның Еуразиядағы қаржылық көшбасшылыққа жету жолының ажырамас бөлігіне айналған серпінді платформа орналасқан. Капитал нарығын дамытудың ұлттық өзегі ретінде ғана емес, сонымен қатар Еуразия экономикасын жаһандық қаржы желілерімен байланыстыратын стратегиялық көпір ретінде AIX аймақтың инвестициялық ландшафтын өзгертуде шешуші рөл атқарды.

АХҚО-ның Қазақстанды өңірлік қаржы хабына айналдыру жөніндегі стратегиялық пайымын айшықтай отырып, AIX бүкіл әлемде танылған реттеуші тәжірибелерді, озық нарықтық инфрақұрылымды және жетекші халықаралық қаржы институттарымен серіктестікті біріктірді. Осы күш-жігердің арқасында AIX әлемнің түкпір-түкпірінен эмитенттердің, инвесторлардың және қаржылық делдалдардың кең ауқымын тарта отырып, капиталды қалыптастырудағы дәстүрлі кедергілерді сәтті еңсерді.

# 2024

### 2024 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



## AIX – ҚЫСҚАША ШОЛУ

### AIX SHAREHOLDERS:



### ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТARTУҒА АРНАЛҒАН ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙЛАР

- AIX Ұлыбританияның Салық және кеден органының тарапынан танылды, бұл Ұлыбританияның зейнетақы қорлары мен басқа инвесторлар оның алаңына инвестиция сала алады деген сөз.
- AIX FTSE Frontier Index Series (шекара нарықтары) талаптарына сәйкес келетін нарық ретінде танылды.
- AIX қағидаларында Ұлыбританияның листинг жөніндегі басқармасының (UKLA) және Дубай халықаралық қаржы орталығының (DIFC) ең үздік практикалары мен тәжірибелері ескерілген.
- Бағалы қағаздар нарығын қадағалау жөніндегі еуропалық басқармасы (ESMA) AIX-ті MiFID II / MiFIR талаптарына сәйкес саудадан кейінгі ашықтықты сақтау бойынша еуропалық стандарттарға сәйкес келетін үшінші елдердің (еуропалық емес биржа) сауда алаңы деп таныды.

### КАПИТАЛ НАРЫҒЫНА ОҢАЙ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

- Эмитенттерге арналған жылдам әрі қарапайым листинг және кросс-листинг рәсімдері.
- Брокерлердің АХҚО-да лицензия алмай, тану рәсімін пайдалана отырып, AIX-те сауда жасау мүмкіндігі бар.
- Ситибанк Қазақстанды қоса алғанда, 16 кастодиан.
- 9 ірі жаһандық кастодиан Citibank арқылы AIX CSD-ге қол жеткізді.
- 53 жергілікті және халықаралық брокер (Қазақстан, Қытай, БАӘ және Еуропа)

### ӘЛЕМДІК КЛАСТАҒЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

- Вертикалды-интеграцияланған сауда-есеп айырысу құрылымы (Euroclear, Citi).
- AIX Бағалы қағаздар орталық депозитарийі үшін Thomas Murray рейтингі «А+» (төмен тәуекел).
- AIX Swift жаһандық желісімен тікелей интеграция үшін Swift Alliance Cloud-ке қол жеткізген алғашқы қаржы институттарының бірі.

### КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН ҚАУІПСІЗДІК

- NASDAQ сауда платформасы
- Amazon Web Services бұлтты сауда платформасы.
- ISO 27001, ISO 27032, ISO 27018 және ISO 27017 ақпараттық және киберқауіпсіздік жаһандық сертификаттары.

## КЛИЕНТКЕ БАҒДАРЛАНУ

AIX – бұл инвесторлар мен эмитенттердің кең ауқымының мүддесін ескере отырып жасалған динамикалық, жан-жақты және клиентке бағдарланған қаржылық платформа. Биржа кез-келген ауқымдағы және саладағы компаниялар үшін икемділікті, қолжетімділікті және дербес шешімдерді қамтамасыз ете отырып, алуан түрлі мамандандырылған нарық

сегменттерін ұсынады. Бұл орта бизнес, тау-кен өндіру компаниясы немесе ірі корпорация болсын – AIX қаржыландыру мен инвестициялауға деген қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін инновациялық және үнемді құралдарды ұсынады. Төменде мамандандырылған нарық сегменттерінің қысқаша сипаттамасы берілген:

КАПИТАЛ		
Нарық сегменті	Сипаттама	Негізгі артықшылықтар
<b>АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ СЕГМЕНТІ (REMS)</b>	Акциялардың жеңілдетілген және экономикалық тиімді листингі арқылы Қазақстан мен Орталық Азиядағы орта бизнес кәсіпорындарын қолдайды.	Листингтің төмендетілген алымдары және жеңілдетілген реттеу талаптары.
<b>«БЕЛДЕУ ЖӘНЕ ЖОЛ» НАРЫҒЫНЫҢ (BRI) СЕГМЕНТІ</b>	Қытайдың «Белдеу және жол» бастамасына (BRI) қатысатын компаниялар үшін капиталға қол жеткізуді жеңілдетеді.	Эмитенттерді BRI инвесторларымен байланыстырады, трансшекаралық қаржыландыру мүмкіндіктерін кеңейтеді.
<b>ТІКЕЛЕЙ ЛИСТИНГ</b>	Жеке компанияларға жаңа капиталды тартпай-ақ жария нарыққа шығуға мүмкіндік береді.	Андеррайтерлер қажет емес, бағаны нарық қалыптастырады.
<b>ТАУ-КЕН ӨНДІРУ СЕГМЕНТІ</b>	Әлемдік есеп беру стандарттарына (JORC, NI 43-101, KAZRC) сәйкес келетін ірі және юниорлық тау-кен өндіру компаниялары үшін мамандандырылған листинг платформасын ұсынады.	Юниорлық компанияларға арналған салалық қағидалар.
БОРЫШ		
Нарық сегменті	Сипаттама	Негізгі артықшылықтар
<b>ШОК ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ</b>	Борыштық қаржыландыруды іздейтін шағын және орта кәсіпорындарға (ШОБ) арналған.	Төмендетілген листинг төлемдері және жеңілдетілген мақұлдау рәсімі.
<b>КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚАҒАЗДАР</b>	Ірі корпорациялар шығарған қысқа мерзімді қамтамасыз етілмеген борыштық құралдар.	Өтімділікке деген қысқа мерзімді қажеттіліктерді тиімді басқару құралы.
<b>ӨТІМДІЛІКТІ БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫ</b>	Корпоративтік топтарға капиталды тиімді қайта бөлуге мүмкіндік береді.	Топ ішіндегі қаржыландыруды жылдам мақұлдау.

## НАРЫҚТЫҢ РЕКОРДТЫҚ ӨСІМІ

2024 жылы АИХ листингтер саны мен сауда-саттық көлемі бойынша бұрын-соңды болмаған өсімді көрсетті. 140 жаңа шығарылым тіркелді – бұл биржа тарихындағы рекордтық көрсеткіш. Оның 123-і борыштық құралдарға, 7-еуі акцияларға, 10-ы құрылымдық өнімдерге тиесілі, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 2,2 есе көп.

Маңызды орналастырулардың қатарында Қазақстан тарихында алғашқы сукук (ислам облигациялары) шығарылымы, сондай-ақ Қырғызстандық өңірлік эмитенттің дебюттік «жасыл» облигациялық шығарылымы бар, бұл АИХ-тің өнім желісіндегі инновацияларға бейілділігін көрсетеді. 2024 жылы АИХ эмитенттерінің қатарына АҚШ, Ұлыбритания, БАӘ, Греция және Кипр компаниялары қосылып, нарықтың географиясы мен тереңдігін кеңейтті.

2024 жылдың соңына қарай акциялар, корпоративтік облигациялар мен биржалық сауда өнімдерін қоса алғанда, АИХ-те 148 эмитенттен 256 бағалы қағаз орналастырылды. Құралдар мен қатысушылардың мұндай алуандығы белсенді және тұрақты нарық кеңістігін қалыптастыруға ықпал етті. Биржадағы акциялардың жалпы нарықтық капиталдандырылуы шамамен 76 млрд АҚШ долл. жетті, бұл өткен жылғы көрсеткіштен ~22%-ға артық. Өсім жаңа листингтерге

де, акциялардың нарықтық құнының өсуіне де байланысты. Бұл АИХ-те орналастырылған компаниялардың инвестициялық тартымдылығының және инвесторлардың қызығушылығының артуын көрсетеді. Нарықтың өсуімен қатар белсенді инвесторлар саны да өсті – Орталық депозитарийдегі сауда шоттарының саны бөлшек және институционалдық инвесторлардың АИХ сауда-саттығына қатысуы есебінен айтарлықтай ұлғайды.

## БЕЛСЕНДІ САУДА ҚЫЗМЕТІ


АХҚО биржасындағы сауда-саттықтың жалпы көлемі өткен жылмен салыстырғанда екі еседен астам – 2023 жылғы 582 млн АҚШ долл. 2024 жылы 1,3 млрд АҚШ долл. дейін өсті.

Белсенділіктің мұндай күрт өсуі 2024 жылғы тек сауда айналымы ғана 2018 жылы құрылғаннан бастап 2023 жылға дейін АИХ-тегі барлық операциялардың жиынтық көлемінен асып түскенін білдіреді. Әсіресе акциялар нарығы серпінді болды – сауда көлемі төрт есеге артып, 495 млн АҚШ долл. жетті. Бұған ірі бастапқы орналастырулар және қайталама нарықтағы белсенді мәмілелер ықпал етті. Биржаның базалық индексі – АИХ Qazaq

Index – 2024 жылдың ішінде шамамен 25-26%-ға өсті, бұл АИХ-те ұсынылған қазақстандық «көгілдір фишкалардың» акциялары бойынша жоғары нәтижелерді көрсетеді. Жыл ішінде индекстік қамту KEGOC, Air Astana және Freedom Holding Corp. сияқты жетекші компаниялардың қосылуы есебінен кеңейтілді, бұл индекске ұлттық экономиканың негізгі секторларын толық көрсетуге мүмкіндік берді.

### НАРЫҚТЫҚ КАПИТАЛДАНДЫРУ


**\$76 млрд**



### ЛИСТИНГТЕР САНЫ

**+140**

2024 ЖЫЛЫ




### САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

**\$1,3 млрд**

2024 жылғы сауда-саттықтың жиынтық көлемі

**2,3x**

2023 жылмен салыстырғанда



## ІРІ ЛИСТИНГТЕР ЖӘНЕ IPO

AIX Қазақстанның капитал нарығын дамытуда маңызды рөл атқарған акциялар мен облигациялардың бірқатар маңызды орналастырудың платформасына айналды.

2024 жылғы ақпанда Air Astana IPO-сы шамамен 370 млн. АҚШ долл. тартып, ел тарихындағы ең ірі IPO-ның бірі атанды. Атап айтқанда, қазақстандық инвесторлар, әсіресе бөлшек инвесторлар, орналастырудың жалпы көлемінің 58%-ын қамтамасыз етті, бұл ішкі нарықтың ұлғайып келе жатқан тереңдігі мен жетілуін көрсетеді.

Борыштық құралдар нарығында Қазақстан Қаржы министрлігінің AIX және Лондон қор биржасында (LSE) қосарлы листингпен

өткізілген, көлемі 1,5 млрд АҚШ долл. болатын егеменді еурооблигациялық қарызды орналастыруы айтулы кезең болды. Өтінімдердің жалпы сомасынан 322 млн АҚШ долл. AIX платформасы арқылы түсті, бұл оның ірі ауқымды борыштық орналастыруларды ұйымдастырудағы әлеуетін растады.

Бұл негізгі мәмілелер халықаралық аренадағы қазақстандық капитал нарығының инфрақұрылымы мен беделін нығайтуға тікелей үлес қосты.

## ЕҢ КӨП САУДАЛАНАТЫН ТОП-5 АКЦИЯ




## БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

**\$471 млн**

Тартылған акционерлік капиталдың жалпы көлемі

**\$106 млн**

2024 жылы тартылған акционерлік капитал




## БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

**\$6,5 млрд**

Тартылған борыштық капитал


**\$2,3 млрд**

2024 ж. тартылған борыштық капитал




## СЕКТОРЛАР БӨЛІНІСІНДЕГІ БОРЫШ НАРЫҒЫ

ҚАРЖЫ	44,3%
ЭНЕРГЕТИКА	35,1%
ЕҢ ҚАЖЕТТІ ТҰТЫНУ ТАУАРЛАРЫ	15,8%
БАСҚА (ӨНЕРКӘСІП, КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР, МАТЕРИАЛДАР)	4,8%



## СЕКТОРЛАР БӨЛІНІСІНДЕГІ БОРЫШТЫҚ НАРЫҒ

ҚАРЖЫ	47,2%
ЭНЕРГЕТИКА	32,6%
ӨНЕРКӘСІП	11,8%
БАСҚА (БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІ, ТҰТЫНУ ТАУАРЛАРЫ, АТ, МАТЕРИАЛДАР, ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК)	8,4%



## Қазақстандағы сукуктың алғашқы шығарылымы (2024)

2024 жылғы желтоқсанда Қазақстанның қаржы жүйесінде тарихи оқиға орын алды – ішкі нарықта корпоративтік сукуктың алғашқы шығарылымы өтті. Эмитент көмір өндіру секторындағы қызметтерге маманданған Gamma-T LLP еншілес ұйымы Gamma-T SPC Limited болды. Орналастыру AIX-те жүзеге асырылды. Сукук Иджара (лизингтік модель) қағидаты бойынша құрылымдалған, бірінші транштың көлемі шамамен 9,6 млн. АҚШ долл. құрады, купондық мөлшерлемесі 20% және өтеу мерзімі 2027 жылғы 5 желтоқсанға белгіленді.

Бұл шығарылым сукуктың 19,2 млн АҚШ долл. кең бағдарламасының бөлігі болды және исламдық қаржы құралдарын қазақстандық капитал нарығына интеграциялаудағы серпінді білдірді.

AIX-тің бұл жобаға қатысуы оның инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейтуге және исламдық қаржыландырудың жаһандық стандарттарына сәйкес келуге деген ұмтылысын көрсетеді. Қазақстанда алғашқы сукуктың сәтті іске қосылуы елдің қаржы нарығын әртараптандырып қана қоймай, оның Орталық Азиядағы исламдық қаржыландырудың қалыптасып келе жатқан аймақтық орталығы ретіндегі позициясын нығайтады.

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӨНІМДЕРДІ ЕНГІЗУ

2024 жылы AIX өзінің қаржылық құралдарының ауқымын едәуір кеңейтті, бұл аймақтық новатор беделін растады.

2024 жылдың қыркүйегінде Биржаның нормативтік базасына аймақ тарихында тұңғыш рет Жаңартылатын энергия халықаралық сертификаттарының (I-REC) айналысын бастауға мүмкіндік берген өзгерістер енгізу негізгі жетістіктердің бірі болды. Бұл бастама Қазақстанның орнықты энергетика саласындағы мақсаттарын тікелей қолдайды. Бұдан басқа, AIX Дүниежүзілік биржалар Федерациясының (WFE) стандарттарына сәйкес «жасыл» акциялар қағидаттарын (Green Equity Framework) енгізді, бұл орнықты эмитенттердің танымалдылығын арттырды және экологиялық өлшемшарттарға бағдарланған инвесторларға инвестициялық шешімдер қабылдау үшін ашық ақпарат берді. Өнімдер желісін одан әрі әртараптандыру мақсатында AIX Орталық Азиядағы алғашқы жария сатылатын ETF-қорды, сондай-ақ кәсіби инвесторларға арналған босатылған қорды (exempt funds) орналастыруға ықпал етті.

Ішкі деңгейде нарықтық инфрақұрылым мен нормативтерге одан әрі өсу мен инновацияларға ықпал ететін маңызды реформалар жүргізілді. Атап айтқанда, халықаралық үрдістерге сәйкес акциялардың еркін айналымының ең төменгі

деңгейі (free float) 25%-дан 10%-ға дейін төмендетілді, бұл орта компаниялар мен жекешелендірілетін мемлекеттік кәсіпорындар үшін листинг шарттарын жеңілдетті. AIX Орталық депозитарийі (AIX CSD) жергілікті нарық қатысушыларына тиімді шарттармен жаһандық борыштық құралдарға қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, Euroclear арқылы есеп айырысулар жүзеге асырылатын халықаралық бағалы қағаздарды қамтитын кастодиандық қызметтер спектрін кеңейтті. AIX тіркеушісі де бұрын-соңды болмаған өсімді көрсетті: 2024 жылға қарай 26 инвестициялық қор AIX-ті тіркеуші ретінде таңдады, сонымен қатар инвесторлармен байланыс және сенімхат бойынша дауыс беру (proxy voting) үшін онлайн-платформалар іске қосылды. Бұл стратегиялық бастамалар мен енгізілген инновациялар AIX-ті эмитенттер мен инвесторлардың қарқынды дамып келе жатқан нарықтық ландшафттағы қажеттіліктеріне икемді әрі тиімді жауап бере алатын одан да заманауи, бәсекеге қабілетті алаңға айналдырды.

## Қырғызстандық аймақтық эмитенттің алғашқы «жасыл» облигациялық шығарылымы (2024)

2024 жылдың желтоқсанында Қырғыз Республикасында тіркелген жаңартылатын энергетика саласындағы девелопер PlanDeM LLC компаниясы AIX-те «жасыл» облигацияларды орналастыру арқылы аймақтық деңгейде капитал тартқан алғашқы эмитент болды. Орналастыру әр түрлі валютада және әр түрлі айналыс мерзіммен болашақ шығарылымдарды көздейтін Жасыл облигациялар шығару бағдарламасы аясында өтті.

Бірінші транш шамамен 370 млн Қытай юанын құрады (52 млн АҚШ долл. тең), айналым мерзімі 30 жыл және өзгермелі купон мөлшерлемесі 1 жылдық SHIBOR +1,7%-ға байланыстырылған. Купондарды төлеу алғашқы он жылға кейінге қалдырылды, содан кейін ол тоқсан сайын жүзеге асырылады. Шығарылым арқылы тартылған қаражат Қазақстанда, Шри-Ланкада, Сербияда, Оңтүстік Африкада және басқа да дамушы елдерде қуаттылығы 1,6 ГВт-тан астам күн және жел энергетикасы жобаларының портфелін қаржыландыруға бағытталатын болады.

Бұл маңызды орналастыру AIX-тің орнықты қаржыландырудың аймақтық платформасы ретіндегі нығайып келе жатқан рөлін көрсетеді және Орталық Азиядағы ұзақ мерзімді «жасыл» капиталды жұмылдыруға ықпал етеді. Ол сондай-ақ дамушы және шекаралық нарықтары бар елдерде ESG қағидаттарына сәйкес келетін инвестицияларға сұраныстың өсуін көрсетеді.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТІК

2024 жылы AIX биржасы жаһандық байланыстарды кеңейту және шетелдік инвестицияларды тарту мақсатында халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде нығайтты.

AIX-тің Абу-Даби Қор биржасы (ADX) құрған Tabadul трансшекаралық сауданың цифрлық платформасына қосылуы маңызды оқиға болды. ADX-пен серіктестіктің арқасында AIX Қазақстан мен Парсы шығанағы елдері арасындағы екіжақты сауданы қамтамасыз етуге мүмкіндік алды. 2024 жылдың соңына қарай БАӘ-дегі екі брокерлік компания AIX нарығына қол жеткізді, ал екі жетекші қазақстандық брокер – Freedom Finance Global және Halyk Finance – AIX және ADX-те саудаланатын бағалы қағаздарға өзара қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, Tabadul

брокерлері деп танылды. Бұл стратегиялық ынтымақтастық өтімділікті арттырды және екі юрисдикцияның қатысушылары үшін инвестициялық көкжиекті кеңейтті, оларға нақты уақыт режимінде қолжетімді құралдармен сауда жасауға мүмкіндік берді. Осылайша, Tabadul платформасымен интеграция AIX-тің халықаралық қатысуымын нығайтудағы және биржаны Орталық Азия мен Таяу Шығыс арасындағы аймақтық көпір ретінде жайғастырудағы маңызды қадам болды.

## AIX CSD ЭКОЖҮЙЕСІ

2024 жылы БАӘ, Оман, Кипр, Армения, Қырғызстан және Ресейден келген брокерлер мен кастодиандарды қоса алғанда 25 жаңа мүшенің қосылуы AIX пен оның Орталық депозитарийінің (AIX CSD) халықаралық мәртебесін қосымша растады.

Осы 25 ұйымның алтауы АХҚО құқықтық режимі шеңберінде тіркелді, бұл Орталықтың юрисдикциясына инвестициялық-тартымды және реттелетін алаң ретінде қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді.

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша AIX және AIX CSD экожүйесінде 64 тіркелген мүше болды, олардың 53-і (соның ішінде

бір уақытта брокерлік және кастодиандық қызметтерді ұсынатын алты ұйым) брокерлік лицензияларға ие болды он компания кастодиан ретінде әрекет етті; бір ұйым – орталық депозитарий. География тұрғысынан: 27 қатысушы шетелдік юрисдикцияларға тиесілі, 11 – АХҚО юрисдикциясында тіркелді, 1 – халықаралық қаржы ұйымы, 25 – қазақстандық компаниялар.



TABYS – бөлшек инвесторларға арналған мобильді қосымша, ол 16 биржалық нотты (ETN) қоса алғанда, қаржы құралдарының кең спектріне қол жеткізуге мүмкіндік береді, ең аз инвестиция шегі 1 АҚШ долл. сәл асады. Қосымша 16 жастан асқан Қазақстан азаматтары үшін қолжетімді және аз шығындармен инвестициялық қызметті бастау үшін ыңғайлы құрал ретінде қызмет етеді.

## БӨЛШЕК ИНВЕСТОРЛАР

AIX-тің стратегиялық басымдықтарының бірі – бағалы қағаздарға инвестицияларды қолжетімді ету және салмақты әрі саналы инвестициялық шешімдер қабылдауға ықпал ету мақсатында қаржылық сауаттылықты арттыру және бөлшек инвесторлар базасын кеңейту.

2022 жылы биржа бөлшек инвесторларға Мемлекеттік жекешелендіру бағдарламасына сәйкес эмитенттерден үлестік бағалы қағаздарды сатып алуға мүмкіндік беретін Tabys мобильді қосымшасына интеграцияланған IPO-ға тікелей жазылу платформасын іске қосты.

TABYS қосымшасында 52 000-нан астам инвестициялық аккаунт, 21 000 белсенді пайдаланушы бар және жиынтық айналымы 26,8 млн АҚШ долл. құрайды. Ол бөлшек инвесторлардың KazMunayGas және Air Astana IPO-ларына, сондай-ақ KEGOC акцияларын қайталама орналастыруға қатысуының негізгі арнасына айналды. TABYS қор нарығына ыңғайлы және қолжетімді кіруді қамтамасыз ете отырып, өзін мобильді инвестициялау трендсеттері ретінде көрсетті. 2024 жылы бұл қосымша облигацияларға тікелей жазылу


мүмкіндігін ұсына отырып, инвестициялық желіні кеңейтті. Бұл форматтағы алғашқы орналастыру материктік Қытайда жұмыс істейтін ірі микроқаржы ұйымдарының бірі – Solva Group Ltd. облигацияларының шығарылымы болды. Екі апта ішінде бөлшек инвесторлардан 600-ден астам өтінім берілді, нәтижесінде AIX биржасында екі жылдық облигацияларды орналастыру көлемі номиналды түрде 15 млн АҚШ долл. жетті.

TABYS инвестицияларының өсуі мен сауда-саттық көлемі 2024 жылы ең жоғары деңгейге жетті.

### TABYS ИНВЕСТОРЛАРЫ

**52 000**  
инвестор

**14%**  
2024 жылы инвесторлар санының өсуі




**\$6,5M**

Инвестициялардың жалпы көлемі


**\$26,8M**

2024 ж. сауда-саттық көлемі

### ИНВЕСТИЦИЯЛАР КӨЛЕМІ



### САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ





## ӘЛЕМДІ ЖАҚСЫ ЖАҚҚА ӨЗГЕРТЕТІН ҚАРЖЫ:

### ЖАУАПТЫ ӨСІМГЕ БЕЙІЛДІЛІК

АХҚО өзін Қазақстанда және Орталық Азияның кең аймағында орнықты қаржыландыруды ілгерілетудегі орталық институт ретінде берік орнықтырды. Әлемдік экономика төмен көміртекті және ESG-бағдарланған модельге көшіп жатқандықтан, АХҚО жасыл қаржыландыру саласындағы институционалдық инвесторлар, эмитенттер мен новаторлар үшін бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер жасай отырып, қаржы нарықтарын орнықты өсу мақсаттарымен біріктіруде аса маңызды рөл атқарады.

АХҚО-ның нарықты дамытуға және инвесторлардың сеніміне ие болуға бейілділігі бүкіл әлемде танылды, ал Астана Жаһандық жасыл қаржыландыру индексіне (GGFI) сәйкес Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы жасыл қаржыландырудың жетекші қаржы орталығы болып танылды. Бұл кезең АХҚО-ның ашық, сенімді реттеуші ортаны және инвестициялауға дайын жасыл қаржы экокүйесін құру жөніндегі табысты күш-жігерін көрсетеді, орталықтың орнықты инфрақұрылым жобаларына, экологиялық таза энергетикаға көшу жобаларына және ESG стандарттарына сәйкес келетін салаларға капиталды орналастыруға арналған платформа ретіндегі рөлін нығайтады.

АХҚО өзіне озық реттеуші тәсілдерді, инновациялық қаржы құралдарын және стратегиялық халықаралық серіктестікті біріктіре отырып, жасыл және орнықты қаржыландыру саласында ашылып жатқан мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылатын жаһандық инвесторларды, трансұлттық қаржы институттарын және прогрессивті компанияларды тартуды жалғастыруда. Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын және «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын іске асыруда ілгерілеуіне қарай АХҚО ұзақ мерзімді өркендеу, тұрақтылық пен қаржылық инновациялар үшін алғышарттар туғыза отырып, Орталық Азиядағы орнықты инвестициялардың негізгі шлюзі ретінде әрекет етуде.

## Қазақстанда орнықты қаржыландырудың қалыптасу кезеңдері

### 2017

Орнықтылыққа бағдарланған қаржылық тетіктерді енгізуге негіз болған Жасыл қаржы жүйесі тұжырымдамасы қабылданды.

### 2018

АХҚО биржасында жасыл облигациялар шығару қағидалары енгізілді, ол Қазақстандағы алғашқы жасыл қаржы құралдарының негізін қалады.

### 2021

Экологиялық және кәсіпкерлік кодекстерге жасыл қаржыландыруға заңды түрде анықтама беретін және орнықты облигациялар мен қарыздарды ынталандыратын маңызды түзетулер енгізілді.

### 2024

Құрылымдық энергетикалық ауысуды қолдау мақсатында табиғи газ және атом энергетикасы сияқты өтпелі энергетикалық жобаларды қосу арқылы Қазақстанның Жасыл таксономиясы кеңейтілді.

## ESG жаһандық нарығы

Орнықты қаржыландырудың әлемдік нарығы қарқынды түрде кеңейуде: Дүниежүзілік банктің деректері бойынша жасыл, әлеуметтік, орнықты, орнықты дамуға байланған және өтпелі облигациялардың (GSSSB) жиынтық көлемі 2024 жылдың қыркүйегіндегі жағдай бойынша 6 трлн АҚШ долларынан асқан. 2024 жылдың үшінші тоқсанында орналастырудың жоғары көлемі жалпы жылдық көрсеткішті 921 млрд. АҚШ долл. дейін жеткізді, бұл ретте барлық шығарылымдардың 57% жасыл облигацияларға тиесілі болды.

Инвесторлар ESG-үйлесімді активтерге барған сайын сенімді түрде ауысуда: PwC деректеріне сәйкес, жеке нарықтардағы инвесторлардың 75% ESG-қағидаттарына сәйкес келмейтін өнімдерге салымдардан шығуды жоспарлап отыр. Bloomberg 2030 жылға қарай ESG активтерінің жалпы көлемі әлемде 40 трлн АҚШ долл. асады деп болжайды, бұл барлық басқарудағы активтердің (БА) төрттен бірін құрайды.

Орнықтылық стандарттарының дамуына қарай Орнықты даму стандарттары жөніндегі халықаралық кеңес (ISSB) ESG-есептіліктің әмбебап шеңберін енгізуде, бұл ашықтық пен есеп беру талаптарын күшейтеді. Рекордтық жоғары жаһандық температурамен ерекшеленген 2024 жыл қаржы институттары мен капитал нарықтары тарапынан орнықты инвестициялардың ауқымын кеңейту кезек күттірмейтін мәселе екенін тағы да көрсетті.

## АХҚО ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ: АЙМАҚТАҒЫ ОРНЫҚТЫ АУЫСУДЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

АХҚО өзінің мамандандырылған ұйымы – АХҚО Жасыл қаржы орталығы (АХҚО ЖҚО) арқылы жасыл қаржыландыру саласында саясатты қалыптастыру, инновациялық қаржы құралдарын ілгерілету ісінде және орнықты даму саласы бойынша озық қызметтер көрсетуде шешуші рөл атқарады.

GFC – бұл Climate Bonds Initiative (CBI) аккредиттеген және Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығының (ICMA) сыртқы бағалаушысы таныған аймақтағы жалғыз мекемесі, бұл оның орнықты қаржыландыру архитектурасын қалыптастырудағы, жасыл капиталды жұмылдырудағы және нарықты стандарттаудағы маңыздылығын көрсетеді.

ЖҚО миссиясы Қазақстанның шеңберінен шығады – ұйым аймақтағы елдердің үкіметтеріне, қор биржаларына және қаржы институттарына жасыл және орнықты қаржыландырудың экожүйелерін құруда қолдау көрсетеді. Негізі қаланған сәттен бастап ЖҚО бірқатар новаторлық құқықтық актілерге бастамашылық жасады, қаржы нарықтарының дамуына және орнықты даму қағидаттарының корпоративтік стратегияларға интеграциялануына ықпал етті.

2024 жылғы 6 қарашада Түркі Мемлекеттері Ұйымының 11-ші саммиті барысында бес мүше мемлекет арасында Түркі жасыл қаржы кеңесін құру туралы тарихи меморандумға қол қойылды. Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаевтың бастамасымен АХҚО Кеңестің Хатшылығы, ал Қазақстан – оның бірінші төрағалық етуші елі болып белгіленді. Кеңес экологиялық бағдарланған

жобаларға ESG-инвестицияларды ұлғайтуға баса назар аудара отырып, ТМҰ аймағындағы жасыл және орнықты қаржы нарықтарын жедел дамытуды көздейді. Басым бағыттардың қатарында стратегиялық құжаттарды әзірлеу, жария компаниялар үшін ESG-есептілік стандарттарын енгізу, сондай-ақ орнықты қаржыландыру жобалары, оқыту бағдарламалары және мамандандырылған форумдар арқылы өңірлік ынтымақтастықты нығайту бар.

АХҚО ЖҚО арқылы Кеңес қызметін қолдауда шешуші рөл атқаратын болады. Қазақстанның «жасыл» облигациялары мен кредиттерінің 70%-дан астамын ЖҚО верификациялағандықтан, осындай нақты тәжірибеге сүйенетін АХҚО-ның бұл бастаманы іске асыру үшін бірегей мүмкіндіктері бар. «Белдеу және жол» бастамасы аясындағы жасыл инвестициялар қағидаттары бойынша өңірлік кеңсе және Орталық Азиядағы CBI аккредиттеген жалғыз верификатор бола отырып, АХҚО бұрын-соңды болмаған сараптама ұсынады. Түркі мемлекеттерінің Жасыл қаржы жөніндегі кеңесін құру АХҚО-ның осы стратегиялық саладағы көшбасшылығын одан әрі нығайта отырып, ТМҰ аймағында орнықты инвестицияларды жұмылдыру мен жасыл қаржыландыруды дамытудағы маңызды қадам болмақ.

Орнықты жобаларды қаржыландырудың жалпы қағидалары мен рәсімдерін белгілейтін Орнықты қаржыландыру саласындағы саясаттарды (нормативтік тәсілдерді) әзірлеу (орнықты облигациялар/ қарыздар шығару/тарту үшін халықаралық стандарттар ұсынады)

### САЯСАТТАР

Орнықты қаржыландыру саласындағы реттеуді, нұсқаулықтар мен қағидаларды әзірлеу:

- Жасыл, әлеуметтік немесе орнықты (SDG) қаржыландыру таксономиялары
- Ынталандыру шаралары
- Биржада ESG-құралдар листингі қағидалары
- Өзге де реттеулер

### РЕТТЕУ



### АХҚО-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ

### СЫРТҚЫ ШОЛУ

**Орнықты қаржы құралдарын (облигациялар, қарыздар, «жасыл» капитал) сыртқы бағалауды мынадай форматта дайындау:**

#### Екінші тараптың:

- ICMA, LMA, LSTA, APLMA стандарттарына
- таксономия өлшемшарттарына (ұлттық, халықаралық)
- Дүниежүзілік биржалар федерациясының «жасыл капитал» қағидаттарына сәйкестігі туралы пікірлері
- CBI және ICMA стандарттарына сәйкес верификациялау (эмиссиядан кейінгі тексеру)

### ӘЛЕУЕТТІ ҰЛҒАЙТУ

Мемлекеттік органдар, ұлттық және жеке компаниялар, халықаралық ұйымдар, ҮЕҰ, қауымдастықтар және т.б. үшін орнықты қаржыландыру саласында **семинарлар, тренингтер және оқыту курстарын өткізу**

## ЖАСЫЛ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

ЖҚО – Climate Bonds Initiative аккредиттеген және Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығы сыртқы бағалау провайдері ретінде таныған Орталық Азиядағы алғашқы ұйым.

Global Green Finance Index (GGFI'14) нұсқасы бойынша Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы екінші маңызды жасыл қаржыландыру орталығы – АХҚО Прага, Ыстамбұл және Варшава сияқты аймақтағы негізгі алаңдарды басып озды.

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша Қазақстанның орнықты қаржы нарығының көлемі 889 млрд теңгеге (1,69 млрд АҚШ долл.) бұл ретте жасыл қаржы құралдарының үлесі орнықты қаржыландырудың жалпы көлемінің 34%-ын құрады. АХҚО ЖҚО құрылған сәттен бастап 442,9 млрд теңге сомасына жасыл облигациялар мен кредиттер шығарылымдарының верификациялануына ықпал етті.

2024 жылы алғаш рет жасыл қаржыландыру қаражатының 49% қайта өңдеу және қалдықтарды басқару жобаларына бағытталды, бұл жаңартылатын энергия және экологиялық таза көлік сияқты дәстүрлі бағыттардан тыс әртарапандыруды көрсетеді.

## 2024 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕР:

 **шамамен \$930 млн** верификацияланған\* орнықты қаржыландыру көлемі

 Қазақстанда шығарылған жасыл облигациялар мен кредиттердің **76%-ын ЖҚО сырттай верификациялады.**

 **Жасыл қаржыландыру бағыттары кеңейді:** қалдықтарды басқару жобалары, энергияны үнемдейтін тұрғын үй және орнықты өнеркәсіптік өндіріс.

 **+2,8 млн тонн CO<sub>2</sub>-экв** бағалау бойынша шығуы тоқтатылатын ПГ шығарындыларының жылдық көлемі

 **АХҚО** банк секторында, активтерді басқару және сақтандыру салаларында ESG ақпаратын ашу бойынша талаптардың интеграциясын ынталандырды.

 **ESG оқыту арқылы әлеуетті арттыру –** Қазақстандағы жетекші тау-кен өндіруші компания «Қазақмыс» компаниясының жоғары буын басшылары үшін ESG алғашқы білім беру бағдарламалары іске асырылды.

\*ЖҚО сыртқы бағалау мен верификацияны жүргізгенін білдіреді

### 2024 ЖЫЛҒЫ ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ

**104,77** млрд теңге



### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 2020-2024 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІНДЕ ЖАСЫЛ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫ

млрд теңге (жылдар бойынша)



## АЙМАҚТЫҚ КӨШБАСШЫЛЫҚ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ЖАСЫЛ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ КЕҢЕЮІ

ЖҚО ықпалы Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Еуразиялық экономикалық одақта (ЕАЭО) қаржының орнықты дамуына елеулі үлес қоса отырып, Қазақстан шегінен тыс таралуда.

### 2024 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ АЙМАҚТЫҚ ЖЕТІСТІКТЕР:

#### Қазақстан:

Аймақтағы алғашқы орнықты даму облигацияларын орналастыру кезінде қолдау көрсетілді, бұл инвесторлардың сенімін нығайту және Қазақстанның ESG-қағидаттарын қаржы жүйесіне интеграциялауға дайындығын көрсету үшін маңызды кезең болды. Шығарылым көлемі 100 млрд теңгені (222,7 млн АҚШ долл.) құрады, эмитент – Қазақстан Даму Банкі.

Сондай-ақ орнықты қалалық инфрақұрылымды қаржыландыру мақсатында еліміздегі алғашқы муниципалды жасыл облигациялар шығарылымы үшін (2025 жылға алдын ала жоспарланған) Алматы қаласы әкімдігінің Жасыл облигациялардың негіздемелік бағдарламасына сыртқы шолу дайындалды.

#### Әзірбайжан:

COP29 қарсаңында ел тарихындағы алғашқы жасыл облигацияларға (20 млн манат, 11,8 млн АҚШ долл.) верификация жасалды.

#### Өзбекстан:

Энергияны үнемдейтін тұрғын үй саласындағы жобаларды қаржыландыру үшін 50 млрд сум (4 млн АҚШ долл.) сомасындағы алғашқы корпоративтік жасыл облигациялардың шығарылымына қолдау көрсетілді.

#### ЕАЭО:

Одақ шеңберінде орнықты қаржыландыру стандарттарын үйлестіруге бағытталған жасыл таксономия верификаторларына модельдік талаптар әзірленді.

#### Тәжікстан және Қырғызстан:

егеменді жасыл облигацияларды құрылымдауға және ұлттық қор биржалары үшін ESG листинг талаптарын әзірлеуге көмек көрсетілді.

# 23

#### бірегей эмитент пен қарыз алушы

4 елден: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан

# 45

#### сыртқы шолу

(Екінші тараптың пікірі және верификация) дайындалды

## АХҚО Жасыл қаржы орталығының Орталық Азиядағы аймақтық қатысымы



## ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘЗІРЛЕМЕЛЕР

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСЫЛ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН НЫҒАЙТУ

Жалпы, бүгінгі таңда АХҚО-да климаттық және ESG-қаржыландырудың, инвестициялар мен есептіліктің негізгі аспектілерін қамтитын стратегиялық және тұжырымдамалық құжаттар тек АІХ деңгейінде ғана емес, сонымен қатар AFSA-да да әзірленіп, қабылданды. 2024 жылы келесі нормативтік актілер бекітілді:



**АХҚО-да ESG-ақпаратты ашу жөніндегі нұсқаулық** (2024 жылғы қазанда күшіне енді) – банктер, сақтандыру компаниялары және активтерді басқарушылар үшін ESG-қағидаттарын интеграциялау талаптарын белгілейді.



**АХҚО-ның ESG-облигацияларын реттеуге арналған нормативтік база** (2024 жылғы қазанда күшіне енді) – ESG-таңбасы бар сукук пен борыштық құралдарды енгізеді.



**АІХ-тің «жасыл» акциялар жөніндегі қағидаттары мен ұсынымдары** (2024 жылғы қазанда күшіне енді) – Дүниежүзілік биржалар федерациясының «жасыл» акцияларының стандарттарына сәйкестік.

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАСЫЛ ТАКСОНОМИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ:

2021 жылы алғашқы жасыл таксономия іске қосылған сәттен бастап қол жеткізілген жетістіктердің жалғасы ретінде АХҚО Қазақстанның Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп, оны жаңарту бойынша жұмыс жүргізді. Өзгерістер таксономияны 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптығына қол жеткізу стратегиясында баяндалған өзекті халықаралық стандарттар мен басымдықтарға сәйкес келтіруге, атап айтқанда, энергетика мен өнеркәсіпте олардың кең пайдаланылуына жәрдемдесу үшін табиғи газ және атом энергетикасы саласындағы жобаларды ұлттық таксономияға енгізуге, сондай-ақ төмен көміртекті энергия көздеріне тезірек көшуге бағытталды. 2024 жылдың наурызында Таксономияға бұл түзетулер Үкімет тарапынан мақұлданды.

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ НЕГІЗДЕРІ:

Жасыл қаржыландыру тетіктері секілді ЖҚО Қазақстан үшін Әлеуметтік таксономия жобасын, сондай-ақ ҚР Кәсіпкерлік кодексіне тиісті түзетулерді әзірледі. Бұл, әсіресе әлеуметтік облигациялар шығару үшін әлеуметтік жобаларды нақты анықтау қажеттілігіне байланысты болды. Жоба Ұлттық экономика министрлігінің қолдауына ие болды және оны алдын-ала қабылдау 2025 жылға жоспарлануда.

### ҚАЗАҚСТАНДА «ЖАСЫЛ» КРЕДИТТЕРДІ ІЛГЕРІЛЕТУ:

АХҚО Экология және табиғи ресурстар министрлігіне жасыл кредиттеуді, жасыл облигацияларды шығаруды және жасыл жобаларды қаржылық қолдауды қоса алғанда, жасыл қаржыландыру нарығының барлық қатысушыларының таксономияны қолдануы жөнінде әдістемелік түсіндірмелерді (түсіндірулер онлайн қолжетімді) әзірлеуге, сондай-ақ тиісті хабардарлықты арттыруға жәрдем көрсетті. Бұл жұмыс қаржылық реттеушілерімен (ҚР Ұлттық Банк және ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі) келісілді және ЖҚО-ның алдыңғы бастамасының жалғасы болды, сол бастамасының шеңберінде 2023 жылғы желтоқсанда Жасыл таксономияға сәйкес тиісті қарыздарды көрсету үшін «Жасыл кредиттер» арнайы кодын енгізген Ұлттық Банктің есептік нысандарына өзгерістер енгізілген болатын. Бұл шаралар Қазақстанның жасыл экономикаға көшуінің 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес банк секторына кредиттік портфельдердегі жасыл кредиттердің үлесін 2023 жылғы 3%-дан 2030 жылға қарай 7,5%-ға дейін ұлғайтуға жәрдемдесуге бағытталған.

### МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСЫЛ ОБЛИГАЦИЯЛАРҒА ЖОЛ АШУ:

ЖҚО Қаржы министрлігінің егеменді жасыл облигацияларды шығаруына жәрдемдесуде маңызды рөл атқарады. Бюджет кодексіне және тиісті заңға тәуелді актілерге әзірленген түзетулер Қазақстанның орнықты дамуға бейілділігін көрсете отырып, ҚР Қаржы министрлігіне экологиялық таза жобаларды қаржыландыру үшін жасыл облигациялар шығаруға мүмкіндік береді.

## ЖҚО КЕЙСБУК, 2024

ҚР ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ 1-ШІ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ, «ҚАЗАҚСТАН ДАМУ БАНКІ» АҚ, ҚАЗАҚСТАН

### Мәміленің қысқаша сипаттамасы

**Құрал түрі:** Орнықты даму еурооблигациялары  
**Эмиссия көлемі:** 100 000 млн теңге  
**Биржа:** Vienna MTF пен KASE-дегі қосарлы листинг  
**Шығарылған күні:** 2024 ж. сәуір  
**Өтеу мерзімі:** 3 жыл  
**Купондық мөлшерлеме:** 13%  
**Базалық мөлшерлеме:** 14,75%  
**Эмитенттің кредиттік рейтингі:** S&P Global Ratings: BBB-/«Тұрақты»  
**Стандарттар:** ICMA GBP, SBP, SBG LMA, LSTA и APLMA GLP и SLP

ЖАСЫЛ ОБЛИГАЦИЯЛАР, UNIBANK, ӘЗІРБАЙЖАН

### Мәміленің қысқаша сипаттамасы

**Құрал түрі:** Орнықты даму облигациялары  
**Эмиссия көлемі:** 200 млн сом  
**Биржа:** Қырғыз қор биржасы  
**Шығарылған күні:** 2024 ж. желтоқсан  
**Өтеу мерзімі:** 3 жыл  
**Купондық мөлшерлеме:** 11%  
**Базалық мөлшерлеме:** 9%  
**Эмитенттің кредиттік рейтингі:** Fitch Ratings: B-/«Тұрақты»  
**Стандарттар:** ICMA GBP, SBP, SBG LMA, LSTA и APLMA GLP, SLP

ӘЛЕУМЕТТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР, «ӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУДЫ ҚОРЫ» АҚ, ҚАЗАҚСТАН

### Мәміленің қысқаша сипаттамасы

**Құрал түрі:** Әлеуметтік облигациялар  
**Эмиссия көлемі:** 6 800 млн теңге  
**Биржа:** АІХ  
**Шығарылған күні:** 2024 ж. мамыр  
**Өтеу мерзімі:** 3 жыл  
**Купондық мөлшерлеме:** 13,5%  
**Базалық мөлшерлеме:** 14,75%  
**Эмитенттің кредиттік рейтингі:** Moody's: Ba1  
Стандарттар: ICMA SBP LMA, LSTA и APLMA SLP

ОРНЫҚТЫ ДАМУ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ, «ЭЛДИК БАНК» ААҚ, ҚЫРҒЫЗСТАН

### Мәміленің қысқаша сипаттамасы

**Құрал түрі:** Орнықты даму облигациялары  
**Эмиссия көлемі:** 200 млн сом  
**Биржа:** Қырғыз қор биржасы  
**Шығарылған күні:** 2024 ж. желтоқсан  
**Өтеу мерзімі:** 3 жыл  
**Купондық мөлшерлеме:** 11%  
**Базалық мөлшерлеме:** 9%  
**Эмитенттің кредиттік рейтингі:** Fitch Ratings: B-/«Тұрақты»  
**Стандарттар:** ICMA GBP, SBP, SBG LMA, LSTA и APLMA GLP, SLP

ЖАСЫЛ ОБЛИГАЦИЯЛАР, «ӨЗБЕКСТАН ИПОТЕКАНЫ ҚАЙТА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» ААҚ, ӨЗБЕКСТАН

### Мәміленің қысқаша сипаттамасы

**Құрал түрі:** Жасыл облигациялар  
**Эмиссия көлемі:** 50 000 млн сум (~ 4 млн АҚШ долл.)  
**Биржа:** «Тошкент» республикалық қор биржасы  
**Шығарылған күні:** 2024 ж. қыркүйек  
**Өтеу мерзімі:** 5 жыл  
**Купондық мөлшерлеме:** 18%  
**Базалық мөлшерлеме:** 13,5%  
**Эмитенттің кредиттік рейтингі:** Ahbor-Reyting: uzA++  
**Стандарттар:** ICMA GBP LMA, LSTA и APLMA GLP

ӘЛЕУМЕТТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР, «БӘЙТЕРЕК» ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГІ», ҚАЗАҚСТАН

### Мәміленің қысқаша сипаттамасы

**Құрал түрі:** Әлеуметтік облигациялар  
**Эмиссия көлемі:** 100 000 млн тг.  
**Биржа:** KASE  
**Шығарылған күні:** 2024 ж. желтоқсан  
**Өтеу мерзімі:** 1,25 жыл  
**Купондық мөлшерлеме:** 15%  
**Базалық мөлшерлеме:** 15,25%  
**Эмитенттің кредиттік рейтингі:** Fitch Ratings: BBB/«Тұрақты»  
**Стандарттар:** ICMA GBP, SBP и SBG

## ОРНЫҚТЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ КӨКЖИЕГІНІҢ КЕҢЕЮІ


AIX базасында АХҚО-ның Көміртегі платформасын (Платформа) әзірлеу Орталық Азия мен Кавказда көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жолындағы маңызды қадам болды.

Бұл бастама Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу және парниктік газдар шығарындыларын 1990 жылғы деңгейден 15%-ға қысқарту мақсатына сәйкес келеді. Платформа көміртегі бірлігі саудасын жандандыруға және бәсекеге қабілетті көміртегі бағасын қалыптастыруға бағытталған. Жоба әсіресе Еуропалық Одақта 1,5 млрд АҚШ долл. дейінгі сомаға қазақстандық экспортқа әсер етуі ықтимал мүмкін Көміртегі шекарасын түзету тетігін (CBAM) енгізілуі аясында өзекті болып отыр. Бұл аймақ экономикасын декарбонизациялаудың шұғылдығын көрсетеді. АХҚО платформасы АХҚО-ның сенімді нормативтік

және технологиялық базасын пайдалана отырып, көміртекті кредиттер мен жаңартылатын энергияға сертификаттарды қоса алғанда, экологиялық құралдармен сауданы қолдайтын болады. Көміртектің нарықтық бағасын қалыптастыра отырып, Платформа экологиялық жобалардың іске қосылуын ынталандырады, инвестициялар тартады және АХҚО-ны экологиялық қаржыландырудың өңірлік орталығы ретінде жайғастырады. Бұл бастама Қазақстанның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етіп қана қоймай, Орталық Азия мен Кавказдағы ерікті көміртегі нарықтарына өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандырады.

2024 жылдың маусым айында АХҚО, GIP-тің Орталық Азиядағы өңірлік офисі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жобалау тобымен бірлесіп, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстанды қамтитын «Орталық Азиядағы орнықты қаржыландыру» атты кешенді өңірлік есеп дайындады.

Есептің негізгі тұжырымдарына сәйкес, Орталық Азия елдері орнықты қаржыландыру саласындағы әлемдік үрдістерден тыс қалып отырған жоқ, ал жергілікті орнықты қаржыландыру нарықтарының дамуы климаттық мақсаттар мен елдер деңгейіндегі міндеттемелерді қолдау үшін қаржы ресурстарына орасан зор сұранысты\* ескере отырып, бүкіл аймақта қарқын алуда. Орталық Азия елдері арасында Қазақстан тұрақты қаржыландырудың жергілікті нарығын дамытуда ең үлкен прогреске қол жеткізді. Жасыл қаржыландыру стандарттарын қабылдаған аймақтағы алғашқы ел ретінде Қазақстан жиырмадан астам тақырыптық шығарылымды қолдады.



\* Тек Қазақстанда ғана 2060 жылға дейінгі көміртекті бейтараптық стратегиясы төмен көміртекті дамуға және көміртекті бейтараптыққа ықпал ететін технологияларға салынған таза инвестицияларды 610 млрд АҚШ долларына бағалайды. АҚШ, тікелей мемлекеттік инвестициялар барлық инвестициялардың аз үлесін (3,8%) құрайды.

## БҰҰ-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

<p>5 ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК</p>	<p><b>ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>ҚР Әлеуметтік таксономиясын әзірлеу</li> </ul>	<p>7 АРЗАН ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ</p>	<p><b>АРЗАН ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Жасыл облигацияларды, оның ішінде Орталық Азиядан басқа аймақтарда жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды қаржыландыру үшін шығару</li> <li>GIP өңірлік офисі шеңберінде әлеуетті арттыру жөніндегі іс-шаралар</li> </ul>
<p>8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ</p>	<p><b>ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Орнықты қаржы нарығын дамыту</li> <li>Қолжетімді орнықты қаржыландыру құралдарының ауқымын кеңейту</li> </ul>	<p>9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ</p>	<p><b>ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>АХҚО Көміртегі платформасын әзірлеу</li> </ul>
<p>11 ОРНЫҚТЫ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР</p>	<p><b>ОРНЫҚТЫ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>GFC Өзбекстандағы пәтерлер мен үйлерді энергияны үнемдейтіндей етіп жақсартуды қолдауға бағытталған ипотекалық кредиттерді қаржыландыруға арналған жасыл облигацияларды растады (эмитент: Өзбекстанның ипотекалық кредиттерін қайта қаржыландыру компаниясы)</li> </ul>	<p>13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС</p>	<p><b>КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Жасыл қаржыландыру нарығын дамыту (2024 жылдың соңына 304,8 млрд. теңге)</li> <li>ЖҚО 2024 жылы Қырғызстанда, Өзбекстанда және Әзірбайжанда 18 млн АҚШ долл. көлеміндегі жасыл облигациялар мен кредиттерді растады</li> <li>АХҚО-ның COP29-ға қатысуы</li> <li>Astana Finance Days өткізу кезеңіндегі жыл сайынғы экологиялық өсім көрсеткіштері</li> <li>Өтпелі энергетиканы қосу үшін Қазақстанның Жасыл таксономиясын жаңарту</li> </ul>
<p>17 ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН СЕРІКТЕСТІК</p>	<p><b>ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҮШІН СЕРІКТЕСТІК</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>АХҚО орнықты қаржыландыру нарығын дамыту бойынша жұмыс істейтін әлемнің қаржы орталықтарын біріктіретін Орнықты даму қаржы орталықтарының (FC4S) мүшесі.</li> <li>ЖҚО – «Белдеу және жол» бастамасы үшін Жасыл инвестициялар қағидаттарының өңірлік офисі</li> </ul>		

## ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ФИНТЕХ: МҮМКІНДІК КӨКЖИЕКТЕРІ

2018 жылы іске қосылған сәтінен бастап АХҚО Қазақстанды инновацияларға негізделген заманауи экономикаға айналдыруда жетекші рөл атқарып келеді. Орталық Азиядағы алғашқы әрі ең озық реттеуші «құм жәшігі» атана отырып, Орталық динамикалық экожүйені қалыптастырды, онда финтех-новаторлар серпінді қаржылық шешімдерді әзірлеп, сынақтан өткізе алады, осылайша Қазақстанның жаһандық қаржы нарықтарына интеграциясын жеделдетіп, сонымен бірге ішкі экономикасын нығайтады.

АХҚО-ның Қазақстанда цифрлық активтердің реттелетін нарығын қалыптастыруда шешуші рөл атқарғаны, криптовалюталармен сауда жасау және блокчейн-технологияларды енгізу үшін құқықтық негізді қамтамасыз еткен алғашқы институт болғаны айрықша мәнге ие. Қадағалау мен қорғаудың жоғары стандарттарын сақтай отырып, Орталық прогрессивті реттеу моделін ұсынды, бұл модель жетекші халықаралық биржаларды тартты, сондай-ақ инвесторларды қорғауды қамтамасыз ететін және капитал мен технологиялық шешімдердің ағынын ынталандыратын сенімді, ашық цифрлық қаржы экожүйесінің құрылуына ықпал етті.

## АХҚО FINTECH LAB: «ҚҰМ ЖӘШІГІ» АРҚЫЛЫ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ЫНТАЛАНДЫРУ

112


рұқсат етілген цифрлық активтер

18 ЦАҚП

FinTech Lab әлемдегі финтех-компаниялар арасында танымал болып келеді. 2024 жылы AFSA 6 өтінімді қабылдап, өңдеді, оның қорытындысы бойынша 10 жаңа қатысушы қабылданды. Осылайша, 2024 жылдың соңында FinTech Lab-тағы компаниялардың жалпы саны 21-ге жетті.

### 18 ЛИЦЕНЗИЯЛАНҒАН ЦАҚҰ:

● КРИПТОВАЛЮТА БИРЖАСЫ	9
● ЦИФРЛЫҚ АКТИВТЕРМЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН БРОКЕР МЕН ДИЛЕР	6
● ЦИФРЛЫҚ АКТИВТЕРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ТӨЛЕМ ҰЙЫМЫ	3
● КРАУДФАНДИНГ ПЛАТФОРМАСЫ	2
● ТОКЕНИЗАЦИЯЛАНҒАН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРАТЫН БИРЖА	1



	2023	2024
ЦА САУДА-САТТЫҒЫНЫҢ КӨЛЕМІ	324 млн АҚШ долл.	1,4 млрд АҚШ долл.
КЛИЕНТТЕР БАЗАСЫ	53 000	США140 000

### АХҚО-ДАҒЫ ӘЛЕМДІК ЦАҚП:



## ЦИФРЛЫҚ АКТИВТЕР ЭКОЖҮЙЕСІНІҢ ӨСІМІ

### ҚАЗПОШТА АХҚО ЦА НАРЫҒЫНА ҚОСЫЛДЫ

2024 жылы Қазақстанның ұлттық пошта операторы – «Қазпошта» АҚ екінші деңгейдегі банктермен қатар цифрлық активтермен фиаттық операцияларды жүзеге асыруға уәкілетті ұйымдардың тізбесіне ресми түрде енгізілді. Тиісті өзгерістер Цифрлық активтер қызметін ұсынушылардың Қазақстан Республикасының коммерциялық банктерімен өзара іс-қимыл жасау қағидаларында көрсетілді. AFSA ҚР ҰБ және ҚНРДА-мен бірлесіп, ұлттық пошта операторын қосу есебінен рұқсат етілген фиат арналарының тізбесін кеңейте отырып, көрсетілген қағидаларға нақтылаушы түзетулер енгізді.

АХҚО қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі саналатын цифрлық активтер секторын қоса алғанда, қаржылық инновациялардың дамуын белсенді қолдайды. Енгізілген өзгерістер ұлттық пошта операторына өз клиенттеріне қаражат салу және алу бойынша қаржылық қызметтерді ұсына отырып, фиат арнасының функциясын орындауға мүмкіндік береді. Фиат арналары тізімінің кеңеюі, сонымен қатар жаңа қатысушылардың реттелетін цифрлық активтер нарығына шығуы үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, цифрлық активтер қызметін ұсынушылар үшін таңдауды ұлғайтады.

Ұлттық реттеушілермен және коммерциялық банктермен бірлесіп жүргізілген 2022-2023 жылдардағы пилоттық жоба елде цифрлық активтерге арналған алғашқы реттелетін фиат-шлюздарды құрды және бірегей операциялық, реттеушілік нәтижелерге қол жеткізді. Бұл жобаның мұрасы АХҚО цифрлық активтерінің экожүйесін ілгерілетуге ықпал ете отырып, аймақта цифрлық қаржыландырудың қауіпсіз әрі нормативтік тұрақты экожүйесін қалыптастыруды жалғастыруда.

Бір жыл ішінде лицензияланған цифрлық активтер қызметтерін ұсынушылар (ЦАҚҰ) саны 21-ге жетті, ал 112 цифрлық актив үшін сауда-саттық рұқсат етілді. Бұдан басқа, FinTech Lab 4 жаңа криптовалюта биржасын, соның ішінде еуропалық нарық көшбасшыларының бірі WhiteBIT-ті қоса алғанда, айтарлықтай халықаралық қызығушылық тудырды, бұл АХҚО-ның финтех-хаб ретінде өсіп келе жатқан жаһандық тартымдылығын көрсетеді.

2024 жылы реттеуші «құм жәшігінің» бірнеше қатысушысы FinTech Lab-тың финтех-компанияларды өсіруге арналған старт алаңы ретіндегі мәртебесін растай отырып, толық лицензия алды. Атап айтқанда, Binance (өзінің BN KZ қазақстандық құрылымы арқылы) және Bybit «құм жәшігінің» талаптарын сәтті орындап, AFSA-ның толыққанды лицензиялары атанды. Бұл оқиғалар АХҚО үшін айшықты мәнге ие болды: барлығы үш компания сынақ режимінен толық реттеуге дейінгі жолдан өтіп, «сынақтан ауқымдалуға» моделінің тиімділігін дәлелдеді. Binance пен Bybit сияқты жаһандық платформалардың

табысы АХҚО-ның реттеушілік қолдауының сенімділігін көрсетеді және компаниялар АХҚО қадағалауымен қауіпсіз дами алатын экожүйеге деген сенімді нығайтады.

АХҚО финтех-секторының өсуі цифрлық активтер нарығындағы белсенділіктің ғаламат ұлғаюымен және пайдаланушылар базасының қарқынды кеңеюімен нақты расталады. АХҚО лицензиялаған платформалардағы цифрлық активтермен сауда көлемі 2023 жылғы 324 млн АҚШ долл. 2024 жылы 1,4 млрд АҚШ долларынан астамға дейін – төрт еседен астам өсті. Дәл осы кезеңде цифрлық активтер саласында қызмет алатын пайдаланушылар саны шамамен 53 000-нан 140 000-ға дейін өсті, бұл қазақстандық және халықаралық қатысушылар тарапынан финтех-шешімдерге жоғары сұранысты көрсетеді. Көлем мен клиенттердің санының мұндай экспоненциалды өсуі АХҚО-ның прогрессивті реттеуі және қазіргі заманғы нарықтық инфрақұрылымының арқасында цифрлық активтер мен финтех-қызметтер саласындағы динамикалық аймақтық хаб ретінде қалыптасуын көрсетеді.

## НОРМАТИВТІК ЖЕТІЛДІРУ

АХҚО-ның финтех саласындағы көшбасшылығы нормативтік базаны үнемі жетілдіріп отыруға негізделген. Соңғы жылдары AFSA токенизацияланған бағалы қағаздарды, стейблкоиндерді орналастыру жөніндегі реттеуші базаны қоса алғанда, дамушы сегменттер үшін кешенді реттеуші шешімдерді, сондай-ақ криптоактивтермен операцияларды қауіпсіз реттеуді қамтамасыз ететін цифрлық активтермен қызметке қатысты жеке қағидалар жинағын енгізді.

2024 жылы қолданыстағы база негізінде инновациялық бизнес-модельдерді қолдауға және нарықтың тұрақтылығын қамтамасыз етуге арналған жаңа реттеуші актілер мен түзетулер қабылданды:

• **Токенизацияланған шикізат тауарлары:** Токенизацияланған тауарлар (Tokenised Commodities Framework) бойынша АХҚО регламенті енгізілді, ол 2024 жылғы 18 қазанда күшіне енді. Құжат токен түріндегі тауарларға арналған туынды құралдардың, токенизацияланған түрдегі экологиялық құралдардың және тауарлық стейблкоиндермен реттелетін саудасын көздейді. Бұл өзгерістер цифрлық активтер технологияларының тауар нарықтарына интеграциялануына ықпал етеді, нақты нормативтік бақылау аясында инновациялар мен қатысу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

• **Инвестициялық токендер:** Туынды токендер, токенизацияланған бағалы қағаздар және экологиялық токендер саудасын қамтитын инвестициялық токендер (Investment Token Framework) бойынша АХҚО-ның кешенді реттеу базасы әзірленіп, енгізілді. «Инвестициялық

токендер» ұғымына біріктірілген бұл құралдар цифрлық қаржы құралдары үшін қауіпсіз сауда ортасын қалыптастыруға ықпал ете отырып, нарық қатысушылары үшін айқындықты және инвесторларды қорғауды қамтамасыз ететін бірыңғай құқықтық құрылым шеңберінде реттеледі.

• **Цифрлық активтердің биржадан тыс саудасы:** Цифрлық активтермен биржадан тыс (ОТС) операциялар жөнінде ресми ұсыныстар шығарылды, олар 2024 жылдың 29 наурызында күшіне енді. Құжат ашықтықты арттыруға, тәуекелдерді басқаруға және операциялық тиімділікті арттыруға бағытталған. Ұсыныстар халықаралық стандарттарға сәйкес келеді және ОТС-сегменті үшін нақты нормативтік негізді құра отырып, цифрлық активтер саудасына, сондай-ақ цифрлық активтер майнерлеріне арналған цифрлық платформалардың қызметін қолдайды.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ХАБАРДАРЛЫҚТЫ АРТТЫРУ

2024 жылы АХҚО FinTech Lab салалық зерттеу жобаларына қатысу және финтех нарығы қатысушыларының хабардарлығын арттыру бойынша бірқатар іс-шараларды өткізу арқылы негізгі білім орталығы ретіндегі рөлін күшейтті:

• Қазақстан Ұлттық банкімен, ҚНРДА және АХҚО-мен серіктестікте «Қазақстанның қаржы нарығындағы жасанды интеллект» аналитикалық есебі дайындалды. Құжат қаржылық қызметте жасанды интеллекті пайдаланудың нормативтік және технологиялық шеңберін қалыптастырудың практикалық тәсілдерін ұсынады.

• Rise Research, Freedom Horizons, Mastercard және KPMG-мен бірлесіп FinTech Lab «Орталық Азия мен Кавказдағы цифрлық активтер, 2024» аймақтық зерттеуді дайындауға қатысты, онда Қазақстан цифрлық активтер үшін нормативтік базаны қалыптастыру және инфрақұрылымды дамыту бойынша танылған аймақтық көшбасшы ретінде сипатталады.

• AFSA IOSCO мүшелеріне криптовалюта және цифрлық активтер нарығын реттеу тәсілдерін ұсынды. Оқыту IOSCO-ның «Криптовалюта

және цифрлық активтер нарығын реттеу және қадағалау» семинарының оқыту бағдарламасының 26-шы шығарылымы аясында өткізілді.

## FINTECH LAB ЖАҢА ӨНІМДЕРІ

2024 жылы AFSA өзінің қазіргі инновацияларды қолдауға деген бейілдігін көрсете отырып, реттеуші құм жәшігінің аясында тестілеу үшін цифрлық активтері бар өнімдердің жаңа түрлерін ұсынды.

• **Цифрлық активтердің маржалық саудасы:** қатысушылар пайдаланушыларға цифрлық активтермен сауда жасау үшін қарыз алуға мүмкіндік беретін сервистерді сынақтан өткізе алады. Қарыз қаражаты пайдаланушының цифрлық активтерімен немесе кепілдің басқа түрлерімен қамтамасыз етіледі. Бұл пайдаланушыларға өздерінде барынан көбірек капиталмен сауда жасауға мүмкіндік береді.

• **Цифрлық активтерге арналған туынды құралдар:** қатысушылар опциондар, фьючерстер немесе цифрлық активтердің бағасына негізделген келісімшарттар сияқты сауда құралдарын сынай алады. Бұл өнімдер баға тәуекелдерін басқаруға немесе баға қозғалысынан пайда табуға көмектеседі. Құм жәшігінде мұндай өнімдер тек кәсіби клиенттерге қолжетімді.

• **Стекинг бойынша қызметтер:** қатысушылар блокчейн желісін қолдауға көмектесу үшін клиенттер белгілі бір мерзімге өздерінің цифрлық токендерін бұғаттайтын сервисті сынықтан өткізе алады. Оның орнына олар сыйақы алады, содан кейін олар клиенттермен бөліседі.

• **NFT саудасы және онымен байланысты қызметтер:** қатысушылар пайдаланушылар цифрлық өнер, музыка, коллекциялық заттар және т.б. сияқты бірегей цифрлық

заттарды (NFT) сатып алатын, сататын немесе айырбастайтын платформаларды сынықтан өткізе алады.

• **Цифрлық активтермен қарыз алу:** қатысушылар цифрлық активтерге кредит ұсынатын платформаларды сынықтан өткізе алады. Бұл кредиттер цифрлық активтермен немесе басқа рұқсат етілген кепілдік түрлерімен қамтамасыз етілген.

• **Цифрлық активтердің өтімділігін өндіру/кіріс фермерлік (yield farming) қызметтерін ұсыну:** қатысушылар сыйақы алу үшін клиенттердің цифрлық активтерін орталықтандырылмаған қаржыландыру платформаларына (DeFi) инвестициялау тәсілдерін қолдана алады. Содан кейін алынған сыйақылар мен пайда клиенттер арасында бөлінеді.

• **Басқа туынды құралдар мен қызметтер (Peer-to-Peer, туынды құралдар және т.б.):** қатысушылар P2P саудасына арналған платформалар, автоматтандырылған сауда боттары немесе синтетикалық активтер сияқты басқа цифрлық активтер өнімдері мен қызметтерін зерттеп, тексере алады. Олардың барлығы АХҚО-ның қолданыстағы қағидаларына және AFSA тәуекелдерді басқару қағидаларына сәйкес келуі керек.

# ҚОСЫМШАЛАР



## 1-ҚОСЫМША:

## ЖАРИЯЛАНЫМДАР

QR-код

Атауы



01 ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
КРЕАТИВТІ  
ИНДУСТРИЯЛАРЫ:  
ТРЕНДТЕР МЕН  
ПЕРСПЕКТИВАЛАР



QR-код

Атауы



06 ҚАЗАҚСТАН ҮШІН  
ИСЛАМДЫҚ  
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ  
ЖӨНІНДЕГІ ЕЛДІК ЕСЕП



02 ҚАЗАҚСТАН:  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ  
ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК  
ЖӘНЕ REIT НАРЫҒЫНЫҢ  
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ



07 ИСЛАМДЫҚ  
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ:  
ҚАЗАҚСТАН  
НАРЫҒЫНЫҢ ТАЛДАУЫ



03 ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ТАУ-КЕН ӨНДІРУ  
САЛАСЫ: ЭКСПОРТҚА  
БАҒДАРЛАНҒАН  
МЕТАЛДАР



08 ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ  
ОРНЫҚТЫ  
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ



04 ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
КӨЛІК-ЛОГИСТИКА  
САЛАСЫ



09 ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ  
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ



05 ӘЛЕМДЕГІ ЖӘНЕ  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
ТЫҢАЙТҚЫШТАР МЕН  
ПЕСТИЦИДТЕР



## 2-ҚОСЫМША:

### Жаңартылған реттеуші-құқықтық база

# 01 КАПИТАЛ НАРЫҒЫ

#### АХҚО-ДАҒЫ ТУЫНДЫ ҚҰРАЛДАРДЫҢ НОРМАТИВТІК БАЗАСЫН ЖЕТІЛДІРУ

2024 жылы AFSA АХҚО-дағы туынды құралдар жөніндегі нормативтік базаға 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін жаңа өзгерістер енгізді. Бұл өзгерістер үздік халықаралық практикалар мен нарық қатысушыларынан кері байланысты талдау нәтижелеріне негізделген. Өзгерістер нормативтік базаның жекелеген ережелерін нақтылауды және туынды құралдармен мәмілелер жасау кезінде нарық қатысушыларының тиісті мінез-құлқына қойылатын талаптарды күшейтуді көздейді. Түзетулердің негізгі мақсаты – лицензияланған нарықтық институттарда, сондай-ақ көпжақты/ұйымдастырылған сауда алаңдарында (MTF/OTF) саудаланатын туынды құралдар үшін нақты реттеуші режимді қалыптастыру. Бұл ашық баға белгілеуді, сенімді есеп айырысуларды, тиімді операциялық қызметті және адал нарықтық мінез-құлқыты қамтамасыз етуі

керек. Туынды құралдармен жасалатын операцияларға тән жоғары тәуекелдерді ескере отырып, нормативтік база сонымен қатар нарық қатысушыларының тиісті мінез-құлқына клиенттерді қорғауға бағытталған қосымша талаптар енгізеді. Олардың қатарында тәуекелдер туралы міндетті ескерту, қосымша ақпаратты ашу және тәуекелдерге ұшырау ықтималдығын азайту мақсатында туынды құралдармен жасалатын операцияларға лимиттер белгілеу бар.

#### ЖАСЫЛ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ОБЛИГАЦИЯЛАР МЕН СУКУКҚА АРНАЛҒАН НОРМАТИВТІК БАЗА

2024 жылғы 1 қазаннан бастап орнықты борыштық құралдар жөніндегі нормативтік база (AIFC ESG Debentures Framework) күшіне енді. Құжат «АХҚО ESG-облигациялары» бірыңғай тұжырымдамасы шеңберінде сукукты қоса алғанда, жасыл және орнықты борыштық құралдарды шығаруға және орналастыруға ең төменгі реттеуші стандарттар мен талаптарды

белгілейді. Бұл тәсілдің мақсаты – эмитенттер үшін осындай қаржы өнімдерін құрылымдауды және ілгерілетуді жеңілдететін нақты бағыт-бағдарды ұсыну, сондай-ақ инвесторларға орнықты инвестициялар үшін мүмкіндіктерді анықтауға жәрдемдесу. Жаңа нормативтік база жасыл капитал ағындарын жандандыруға және климаттың өзгеруіне бейімделу және салдарын азайту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды қолдауға бағытталған, осылайша жаһандық климаттық мақсаттарға қол жеткізуге үлес қосады. Қабылданған ережелер эмитенттердің нақты белгіленген экологиялық мақсаттарды сақтауын қамтамасыз ете отырып, транспаренттілікті, есептілікті және халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз етуге ықпал етеді.

# 02 АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ

#### АХҚО-НЫҢ АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НОРМАТИВТІК БАЗАСЫН ЖЕТІЛДІРУ

АХҚО-ның активтерді басқару секторының дамуын және нарықтың реттелетін қатысушыларын қадағалау барысында алынған ақпаратты ескере отырып, AFSA 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін активтерді басқару жөніндегі АХҚО актілеріне өзгерістер енгізді. Бұл қадам АХҚО-дағы инвестициялық қорларды немесе ұжымдық инвестициялық схемаларды, сондай-ақ АХҚО-да немесе одан жұмыс істейтін активтер мен қорларды басқарушылардың қызметін реттейтін заңнамалық базаны одан әрі жетілдіруге бағытталған. AFSA Кредиттік қорларды, Цифрлық активтер қорларын, Биржалық қорларды, Ақша нарығы қорларын, инвестициялық токендерге инвестиция салатын қорларды және Білікті инвестициялық токендерді қосу арқылы АХҚО-да қолжетімді мамандандырылған қорлардың тізбесін кеңейтті. Сектордың дамуына және нарықтың қажеттіліктерін бағалауға жауап ретінде AFSA АХҚО-да мамандандырылған қорлардың түрлерін кеңейтуде. Бұл инвестициялық мүмкіндіктерді әртараптандыруды қамтамасыз

етеді және инвесторларға нақты секторлар мен стратегияларды ескере отырып, портфельдерді теңшеуге мүмкіндік береді. Қорлардың анағұрлым кең тізімін ұсыну бәсекеге қабілеттілікті арттырады және реттеудің икемділігін көрсете отырып, әлемдік инвестициялық трендтерге сәйкес келеді. Сондай-ақ AFSA инвесторлар үшін мүмкіндіктерді кеңейтетін өзгерістерді енгізу арқылы көбірек қатысушыларды тарту үшін венчурлық қорлардың нормативтік базасын жетілдірді. Қазіргі уақытта венчурлық қорлар биржада тізімделмеген ерте сатыдағы компаниялардың акцияларына инвестициялауға бағытталған. Өзгерістер кәсіби клиенттерге арналған шетелдік қорлар сияқты қорлардың жұмыс істеу мүмкіндігін қамтиды, бұл халықаралық инвесторларды тартуға ықпал ететін; бағалы қағаздар мен листингтік емес компаниялардың пайларын қоса алғанда, инвестициялық опцияларды кеңейтетін; әртараптандыру мен тиімділікті жақсарту үшін Master-Feeder құрылымын енгізетін болады. Бұдан басқа, 2024 жылғы 1 шілдеден бастап АХҚО-дағы отбасылық офистерге арналған нормативтік база күшіне енді. Ол SFO қорларын құруға мүмкіндік беретін жеке дара отбасылық офистердің (Single Family Office, SFO) қызметі үшін арнайы реттеуді енгізеді.

Мұндай құрылымдар отбасылық капиталды халықаралық практикаға сәйкес басқаруға мүмкіндік береді. Отбасылық офистердің бірегей сипатын және инвесторлардың шектеулі тобын ескере отырып, нормативтік-құқықтық база SFO қорларының басқарушылары үшін жеңілдетілген реттеуші талаптарды қарастырады. Бұл бастама АХҚО-ның Еуразияның жетекші халықаралық қаржы орталығы ретіндегі ұстанымын нығайтудағы маңызды қадам саналады. Отбасылық офистердің қажеттіліктеріне бейімделген реттеуші және салық ортасы АХҚО-ны отбасылық капиталды құру және басқару үшін тартымды юрисдикция етеді.

#### **КОРПОРАТИВТІК ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАРҒА АРНАЛҒАН НОРМАТИВТІК БАЗА**

AFSA корпоративтік қазынашылық орталықтардың (КҚО) қызметі туралы қағидаларды қабылдады. Қағидалар КҚО құра алатын АХҚО-дағы КҚО қызметі үшін әзірленген арнайы режимді орнатады. Мұндай құралдар АХҚО-дағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық және салықтық режимдер шеңберінде қазынашылық операцияларды халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асыруға мүмкіндік береді. КҚО-ның бірегей сипатын және олардың шектеулі инвесторлар базасын ескере отырып, қағидалар КҚО қорларын басқарушылары үшін оңтайландырылған реттеуші ережелерді қамтиды. АХҚО-дағы қазынашылық орталықтарға арналған нормативтік-құқықтық база АХҚО-ның жетекші халықаралық

қаржы орталығы ретіндегі позициясын нығайту жолындағы маңызды қадам саналады. Қабылданған қағидалар АХҚО-ны топшілік қаржыландыру, өтімділікті басқару, инвестициялар және басқа да қазынашылық функциялар үшін тартымды юрисдикцияға айналдыра отырып, КҚО қажеттіліктерін ескеретін реттеуші және салықтық ортаны пайдалануға мүмкіндік береді.

#### **БОСАТЫЛҒАН ҚОР БАСҚАРУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ПРУДЕНЦИЯЛЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕР**

2024 жылы AFSA босатылған қорларға қатысты ұжымдық инвестициялар схемаларын басқару бойынша реттелетін қызметті жүзеге асыруға уәкілетті компаниялар үшін пруденциялық жеңілдіктер ұсынды. Қатысушылардың осы санаты үшін нормативтік талаптардың өзгергені туралы тиісті хабарлама 2024 жылғы 24 сәуірде күшіне енді. Жаңа шарттарға сәйкес компанияларға олардың тәуекелдерді басқару бағдарламасын іске асыру уақытына және ол аяқталғаннан кейін 24 ай ішінде ең төменгі капитал бойынша талаптарды орындауға жеңілдікті кезең беріледі. Бұл шаралар АХҚО-да қорлардың жұмыс істеуі мен қорларды басқару шарттарын жақсартуға ықпал етеді, реттеуші жүктемені азайту есебінен басқарушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады, сондай-ақ стартаптар үшін капиталға қол жеткізуді жеңілдетеді және инновациялық жобаларға инвестицияларды ынталандырады деп күтілуде.

## ЦИФРЛЫҚ АКТИВТЕР ЖӘНЕ ФИНТЕХ

#### **АХҚО АКТИЛЕРІНЕ ТОКЕНИЗАЦИЯЛАНҒАН ШИКІЗАТ ТАУАРЛАРЫН РЕТТЕУГЕ АРНАЛҒАН ТҮЗЕТУЛЕР**

2024 жылғы 18 қазаннан бастап AFSA токенизацияланған шикізат тауарларын реттеуге арналған АХҚО заңнамасына (Tokenised Commodities Framework) түзетулер енгізді. Түзетулер инвестициялық токендер санатына кіретін және биржада орналастырылуы мүмкін тауарлық туынды токендер мен көміртегі нарығы құралдарының токендері саудасына бағытталған. Бұдан басқа, заңнама цифрлық активтермен сауда платформаларында сауда жасай алатын тауарлық токендерді шығаруға мүмкіндік береді. Токенизацияланған тауарлар үшін жаңа реттеу режимі AFSA-ның қаржы және тауар нарықтары үшін сенімді инфрақұрылым құру жөніндегі күш-жігерінің жалғасы болды. Тауарлармен байланысты токенизацияланған құралдарды қамту үшін реттеуші шекараларды кеңейте отырып, бұл режим нарықтағы инновацияларды ынталандырады, құралдардың жаңа түрлерімен сауданы жеңілдетеді және цифрлық

активтер мен инвестициялар саудасы платформаларына кеңірек қатысуға ықпал етеді. Бұл қадам АХҚО-ның финтех және тауар саудасына арналған жетекші орталық ретіндегі позициясын одан әрі нығайтады.

#### **ТОКЕНИЗАЦИЯЛАНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАРҒА АРНАЛҒАН АХҚО РЕТТЕУШІ БАЗАСЫ**

AFSA АХҚО-ды токенизацияланған инвестициялар айналымын реттеудің кешенді режимін енгізу мақсатында токенизацияланған инвестицияларға арналған АХҚО-ның реттеуші базасын (Investment Token Framework) әзірледі. Инвестициялық биржалар мен клирингтік орталықтарды реттеудің қолданыстағы режимі инвестициялық токендерді сататын және/немесе клирингін жүргізетін платформаларға қолданылуын жалғастырады. Нормативтік-құқықтық база қазір токенизацияланған туынды құралдарды, сондай-ақ «инвестициялық токен» терминімен біріктірілген токенизацияланған бағалы қағаздар мен көміртегі нарығының токенизацияланған құралдарын қамтиды.

Investment Token Framework компаниялар мен инвесторлар үшін қауіпсіз және реттелетін ортаны құруға ықпал ете отырып, токенизацияланған инвестициялар саласындағы айқындылықты, құқықтық сенімділікті және инвесторлардың қорғалуын қамтамасыз етуге арналған.

#### **ЦИФРЛЫҚ АКТИВТЕРМЕН БИРЖАДАН ТЫС САУДА ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**

Биржадан тыс транзакцияларға сұраныстың артуына жауап ретінде және осындай транзакцияларды реттейтін нормативтік талаптарды сақтау үшін AFSA цифрлық активтер қатысатын биржадан тыс транзакциялар жөніндегі нұсқаулық шығарды. Мақсат ашықтықты арттыру, тәуекелдерді азайту және биржадан тыс үздіксіз қызметке жәрдемдесу болды. Бұл нұсқаулық саланың үрдістеріне сәйкес келеді және цифрлық активтер сауда алаңдары мен цифрлық активтер майнерлерінің бірегей қажеттіліктерін қолдау арқылы бақыланатын ортаға ықпал ететін нормативтік базаны белгілейді. Нұсқаулық 2024 жылдың 29 наурызында қабылданды.

## БАСҚАЛАРЫ

### ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ РЕТТЕУ БАЗАСЫНА ТҮЗЕТУЛЕР

AFSA АХҚО қатысушылары бетпе-бет келетін проблемаларды шешу үшін АХҚО-ның заңды тұлғалар туралы реттеу базасына өзгерістер енгізді. Өзгерістер белгілі бір корпоративтік процестерді жеңілдетеді және тұтастай алғанда АХҚО қатысушыларына мынадай өзгерістерді қоса алғанда, бизнесті жүргізуге қолайлы жағдайлар туғызады: бұл түзетулер бағалы қағаздарды шығару мен беруді, жария компаниялар үшін филиалдардың тізілімдерін жүргізуді, жеке компаниялар үшін жария орналастырудың оңайлатылған режимін, тізілімнен ерікті түрде шығу тәртібін түсіндіруді, Компанияларды тіркеушінің өкілеттіктерін кеңейтуді, сондай-ақ ұйымдар үшін жаңа міндеттемелерді енгізуді қоса алғанда, негізгі аспектілерді қамтиды.

### БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ РЕТТЕУ БАЗАСЫНА ТҮЗЕТУЛЕР

AFSA АХҚО-да тіркелген ұйымдар үшін тиісті рәсімдердің айқындылығын, келісімділігін және функционалдығын арттыру мақсатында АХҚО-ның банкроттық туралы реттеу базасына өзгерістер енгізді. Бұл өзгерістер компанияларды тарату рәсімінің кейбір аспектілеріне қатысты анықталған олқылықтарды жояды.

### АХҚО-ДАҒЫ КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТІК АГЕНТТІКТЕРДІ РЕТТЕУГЕ ӨЗГЕРІСТЕР

2024 жылы AFSA АХҚО-дағы кредиттік рейтингтік агенттіктерді (КРА) реттеуге өзгерістер енгізді. Халықаралық практиканы және нарық пікіріне жасалған талдауды ескере отырып, ұсынылған өзгерістер кредиттік рейтингтік агенттіктерді реттелетін қызмет түрлері режиміне өткізуді көздейді. Реттеушілік мәртебедегі бұл өзгерістің бірнеше жағымды аспектілері бар, атап айтқанда, кредиттік рейтингтік агенттіктердің нарықта қабылдануының әлеуетті ықпалы, олардың беделін нығайту және инвесторларға, реттеушілерге және нарық қатысушыларына КРА-ның анағұрлым жоғары реттеуші стандарттарға сәйкес келетіндігі туралы хабар беру. Басқа режимге көшу АХҚО-дағы кредиттік рейтингтік агенттіктер үшін реттеуші ортаны айтарлықтай өзгертеді, халықаралық стандарттар мен практикаларға сәйкес қадағалауды күшейтеді, сондай-ақ кредиттік рейтингтік агенттіктердің қызметіне неғұрлым қатаң талаптар енгізеді.

### АЖ/ТҚЖ ЖӨНІНДЕГІ РЕТТЕУ БАЗАСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР

AFSA ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл, терроризмді қаржыландыру және АХҚО-дағы санкциялар мәселелері бойынша реттеуші базаға кешенді өзгерістер енгізді. Түзетулер 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне


енеді. Өзгерістер қағидаларды практикада қолдану нәтижесінде туындаған, соған сәйкес АХҚО қатысушылары тарапынан болған көптеген сұрақтарға жауап ретінде және соңғы жылдардағы инспекциялар нәтижелері мен тақырыптық шолуларды талдаудың нәтижесінде пайда болған түсініксіздіктерді жою және қажетті түсіндірулерді беру арқылы қолданыстағы нормаларды жетілдіру мақсатында мұқият әзірленді.

### «ВЕНЧУРЛЫҚ СТУДИЯЛАР ТУРАЛЫ» АХҚО ҚАҒИДАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ

«Венчурлық студиялар туралы» АХҚО қағидаларын қабылдау венчурлық компанияларды құру үшін заңнамалық базаны қамтамасыз етеді. Бұл қағидалар нарықтағы кәсіпкерлер мен стартаптар арасындағы ынтымақтастықты жеңілдету арқылы стартаптарды қаржылық және қаржылық емес қолдау үшін құқықтық айқындылықты орнатады.

### АХҚО-ДА ESG АҚПАРАТТЫ АШУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

AFSA АХҚО-да ESG ақпаратты ашу жөніндегі нұсқаулық шығарды, ол 2024 жылдың 14 қазанынан бастап күшіне енді. Бұл нұсқаулық барлық банктерге, қор басқарушыларына және сақтандыру компанияларына қолданылады. Нұсқаулықтың мақсаты – АХҚО-дағы неғұрлым орнықты және жауапты қаржы экожүйесіне ықпал ете отырып, ESG стандарттарын қаржы



ұйымдарының есептілігі мен шешім қабылдау процестеріне интеграциялауды ынталандыру. Бастапқы кезең ретінде AFSA АХҚО-да қаржы ұйымдары үшін ерікті негізде ESG туралы ақпаратты ашу практикасын енгізеді. Бұл қаржы ұйымдарына халықаралық стандарттармен танысуға және өздерінің операциялық қызметі мен есеп беру процестерін тиісті түрде бейімдеуге мүмкіндік береді.

### ТӘУЕКЕЛІ ТӨМЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН КОМПАНИЯЛАРҒА АРНАЛҒАН РЕТТЕУШІ БАЗА

AFSA АХҚО-да тәуекел деңгейі төмен қаржы қызметтерін ұсынатын компаниялар үшін арнайы реттеу базасын ұсынды. Тәуекелге бағдарланған реттеу тәсіліне негізделген режим шектеулі көлемдегі және күрделі операциялары бар компаниялар ірі ойыншылар сияқты тәуекелдерді тудырмайтынын мойындай отырып, шағын қаржы компанияларының ерекшеліктерін ескереді және оларға реттеудің жеңілдетілген қағидаларын ұсынады. Басқару мен операциялық процестерге қойылатын талаптарды жеңілдеті отырып, AFSA сенімді қадағалауды сақтай отырып, осындай компаниялардың дамуын қолдауға тырысады. Жаңа режим қаржылық тұрақтылыққа нұқсан келтірместен реттеуші жүктемені азайтады, бұл АХҚО-да неғұрлым тиімді және бәсекеге қабілетті қаржы ортасын құруға ықпал етеді.

### ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫ КОМПАНИЯЛАРЫ ҮШІН КАПИТАЛҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

AFSA исламдық қаржы компаниялары үшін класс модификациясын бекітті, ол 2024 жылдың 1 қазанынан бастап 5 жыл мерзімге күшіне енді. Бұл модификация ең төменгі капиталға қойылатын талаптарды кезең-кезеңімен орындауды – рұқсат алған сәттен бастап үш жыл ішінде, капиталды 2 млн АҚШ долл. дейін жеткізуін көздейді.

### ШЕТЕЛДІК ҚОР БАСҚАРУШЫЛАРЫНЫҢ НАРЫҚҚА ШЫҒУЫН ОҢАЙЛАТУ ЖӘНЕ АХҚО- НЫҢ ҚОРЛАР ЭКОЖҮЙЕСІН ДАМУЫ

2024 жылдың маусымында AFSA 12 юрисдикцияны (Грузия, Катар, БАӘ (DIFC) және ADGM қоса алғанда), Ұлыбритания, АҚШ, Сингапур, ЕО-ға мүше мемлекеттер, Швейцария, Австралия, Малайзия және Гонконг) баламалы деп таныды. Бұл шешім әрбір юрисдикцияның жеке бағалауы қажеттілігін болдырмай және нарыққа шығу процесін жеделдету жолымен қатаң реттелетін құқықтық тәртіпте жұмыс істейтін шетелдік қор басқарушылары үшін АХҚО нарығына кіру рәсімін жеңілдетуге бағытталған.

## 3-ҚОСЫМША:

## АХҚО КЕШЕНІ

С4 павильоны:  
АХҚО қатысушылары  
мен серіктестері

## БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ:

 **Authority**  
authority.aifc.kz/en  
info@aifc.kz

 **AFSA**  
afsa.aifc.kz/en  
info@aifc.kz

 **Court**  
court.aifc.kz/en  
info@aifc-court.kz

 **IAC**  
iac.aifc.kz/en  
info@aifc-iac.kz

 **Expatriate Centre**  
expatcentre.aifc.kz/en  
expat@aifc.kz

 **AIX**  
ASTANA  
INTERNATIONAL  
EXCHANGE  
aix.kz  
market@aix.kz

С3 павильоны:  
АХҚО органдары  
мен ұйымдары

 Court  IAC

 AFSA  Tech  Academy

 Authority  Expatriate Centre  GFC

 **AIX**  
ASTANA  
INTERNATIONAL  
EXCHANGE

Авторизация және тіркеу  
мәселелері бойынша: [bcsc@aifc.kz](mailto:bcsc@aifc.kz)  
Пост-тіркеу мәселелері бойынша: [psbd@aifc.kz](mailto:psbd@aifc.kz)

# ГЛОССАРИЙ

<b>ADX</b>	Абу-Даби қор биржасы	<b>REMS</b>	АХҚО биржасы акцияларының өңірлік нарығының сегменті
<b>AFSA</b>	АХҚО Қаржылық қызметтерді реттеу комитеті	<b>REIT</b>	Жылжымайтын мүлік инвестициялық қоры
<b>AIX</b>	АХҚО биржасы	<b>SAFE</b>	Болашақ акционерлік капитал туралы қарапайым келісім
<b>AIX CSD</b>	АХҚО биржасының Орталық депозитарийі	<b>SASB</b>	Орнықты даму саласындағы есеп стандарттары кеңесі
<b>BHB</b>	Бахрейн қор биржасы	<b>SLB</b>	Орнықты дамумен байланысты облигациялар
<b>BRI</b>	«Белдеу және жол» бастамасы	<b>SPO</b>	Қайталама жария орналастыру
<b>BRM</b>	AIX «Белдеу және жол» биржалық сегменті	<b>TABYS</b>	Бөлшек инвесторларға арналған мобильді қосымша
<b>CBI</b>	Климаттық облигациялар бастамасы	<b>TCFD</b>	Климатқа байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі нысаналы топ
<b>CDP</b>	Көміртегі туралы есептілік жобасы	<b>UKLA</b>	Ұлыбритания листинг басқармасы
<b>CIBAFI</b>	Ислам банктері мен қаржы институттарының бас кеңесі	<b>ҚНРДА</b>	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
<b>DIFC</b>	Дубай халықаралық қаржы орталығы	<b>ҚҚҚ</b>	Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы
<b>ESG</b>	Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару	<b>ҚМА</b>	Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі
<b>ESMA</b>	Еуропалық бағалы қағаздар нарығын қадағалау басқармасы	<b>ЕДБ</b>	Екінші деңгейдегі банктер
<b>ETN, ETF</b>	Биржалық ноттар, биржалық қорлар	<b>ЖІӨ</b>	Жалпы ішкі өнім
<b>FATF</b>	Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы	<b>ЖЭК</b>	Жаңартылатын энергия көздері
<b>FC4S</b>	Орнықты даму қаржы орталықтары	<b>ЖДҚ</b>	Жаһандық депозитарлық қолхаттар
<b>FTSE</b>	Financial Times Stock Exchange қор индексі	<b>ЕАТ</b>	Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс қимыл жөніндегі еуразиялық топ
<b>GFCI</b>	Қаржы орталықтарының жаһандық индексі	<b>ЕАЭО</b>	Еуразиялық экономикалық одақ
<b>GGFI</b>	Жасыл қаржы жаһандық индексі	<b>АХҚО КОМИТЕТІ</b>	АХҚО Қаржылық қызметтерді реттеу комитеті
<b>GIP</b>	Жасыл инвестиция қағидаттары	<b>КТС</b>	Корпоративтік табыс салығы
<b>GSS</b>	Жасыл, әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары	<b>ХТО</b>	Халықаралық төрелік орталығы
<b>GSS+</b>	Жасыл, әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары, орнықты дамуға байланысты облигациялар және т.б.	<b>ХВҚ</b>	Халықаралық валюта қоры
<b>GRI</b>	Жаһандық есептілік бастамасы	<b>АЕК</b>	Айлық есептік көрсеткіш
<b>IAIS</b>	Сақтандыруды қадағалау органдарының халықаралық қауымдастығы	<b>ШОБ</b>	Шағын және орта бизнес
<b>ICMA</b>	Капитал нарықтарының халықаралық қауымдастығы	<b>АХҚО/ОРТАЛЫҚ</b>	«Астана» халықаралық қаржы орталығы
<b>ISDA</b>	Своптар мен туынды құралдардың халықаралық қауымдастығы	<b>ҚҚС</b>	Қосылған құн салығы
<b>ISO</b>	Халықаралық стандарттау ұйымы	<b>БҰҰ</b>	Біріккен Ұлттар Ұйымы
<b>ISSB</b>	Орнықты дамудың халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес	<b>ТМҰ</b>	Түркі мемлекеттерінің ұйымы
<b>IFSB</b>	Исламдық қаржылық қызметтер кеңесі	<b>ЭЫДҰ</b>	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
<b>IOSCO</b>	Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы	<b>ТШИ</b>	Тікелей шетелдік инвестициялар
<b>IPO</b>	Бастапқы жария орналастыру	<b>ҚКК</b>	АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесі
<b>IT</b>	Ақпараттық технологиялар	<b>АЖ/ТҚҚ</b>	Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
<b>KASE</b>	Қазақстан қор биржасы	<b>ІАҚ</b>	Ішкі аудит қызметі
<b>KISS</b>	Keep It Simple Security	<b>ТМД</b>	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
<b>KYC</b>	Өз клиентіңізді біліңіз	<b>ШСЖ</b>	Шығарындылар саудасы жүйесі
<b>KYT</b>	Өз транзакцияңызды біліңіз	<b>ФАТФ</b>	Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы
<b>MENA</b>	Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдері	<b>ОРТАЛЫҚ АЗИЯ</b>	Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан
<b>MMOU</b>	Өзара түсіністік туралы көпжақты меморандум	<b>ЖҚО</b>	АХҚО Жасыл қаржы орталығы
<b>MSCI</b>	Morgan Stanley Capital International қор индексі	<b>БҰҰ ОДМ</b>	Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мақсаттары
<b>MSX</b>	Маскат бағалы қағаздар нарығы		
<b>MTF</b>	Көпжақты сауда алаңы		



